Дарындылық - адам бойындағы қабілеттіліктің жоғары деңгейде дамуы, іс-әрекет барысында ерекше жетістікке жетуі. Дарынды бала – бұл, іс- әрекет барысында асқан талантымен, ерекше қабілетімен танылған, жоғары жетістікке жетуге талпынушы.

Дарынды балаларды анықтау - баланың дамуын таңдаумен байланысты ұзақ үдеріс. Дарынды балалар мектеп бағдарламасын тез меңгереді. Зеректік, байқағыштық қасиеттері жоғары болады. Олардың көпшілігі өз уақыттарын шығармашылық жұмыстарға арнайды. Сурет салады, өлең жазады. Дарындылық белгілері: ойлау қабілетінің дәлдігі, шешім қабылдаудағы ерекшелігі, ешкімге ұқсамайтын өзгешелігі, дарынды бала бойындағы ерекшелік шынайы іс - әрекет пен бақылаудың бағалау жолдарымен пайда болатын іс – қимыл. Лицейде мұғалімдер барлық оқушыны дарынды деп есептейді. Сондықтан балаларды әр түрлі қырынан ашып көрсетіп, өздеріне деген сенімділікті орнатып, кез келген жерде өздерін көрсете алуға тәрбиелейді.

Дарынды оқушымен жұмыс жасайтын мұғалімге қойылатын талаптар: Жаңа технологияларды практикаға енгізу және

игертудегі сапалы қадамның сандарынан қоғамның стандартты емес ойлау қабілетіне ие, өндірістік және әлеуметтік өмірге жаңа мазмұн енгізетін, болашаққа қатысты жаңа міндеттерді қойып, оларды шеше алатын мамандарға деген қажеттілік өсті. Әр мұғалім шығармашылықпен жұмыс істеген жағдайда ғана еліміздін саналы, дарынды азаматтарын тәрбиелеп шығаруға мүмкіндік бар. Шығармашылық - бүкіл тіршіліктің көзі. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдары, құралдары өте көп. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» сияқты өзекті мәселелер көтеріліп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті маман қажет. Шығармашылығы жоғары, дарынды балаларға білім беруді, әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлау тиімді болса, екінші жағынан, ерекше қабілетті балалардың жеке өзіндік интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қаматасыз етеді.

Мұғалім - елдің болашағын көркейтіп, рухын биікке көтеретін, жас ұрпақты тәрбиелейтін жауапкершілігі мол киелі мамандық. Ондай мамандық иесі әрқашан да өресі биік болып, сөйлеген сөзінен, ойлар ойынан маржандай тізілген ілтипат пен парасаттың өрнектері, әсемдік әлемі көрінетін, көкірегі жақсылыққа толы, мейірімді, білімі біліктілікке ұласқан ізденімпаз, елжанды, адамгершілігі жоғары адам болу керек. Мұғалім

қызметінің ерекшелігі сол, көптеген мамандықтар секілді педагогты ң қолында өлшеуіш немесе басқаша айтқанда приборлар жоқ. Оның ең басты жұмысы – оқыту мен тәрбиелеу барысында пайда болған қарым-қатынасты басқару. Мұғалім көптеген нақты жағдайда қысқа уақыттың ішінде ең дұрыс педагогикалық шешімді таба білу і тиіс, ал мұның өзі әрқашан күрделі. Түптеп келгенде, қоғам мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Мұғалімге үйретуге ең көнгіш кезіндегі адам сеніп тапсырылады. Мұғалім баланың білімін, икемділігін, әдетін, мұратын және өмірлік мақсат ын қалыптастырады. Дарынды оқушымен жұмыс жасайтын мұғалімнің:

• өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары

деңгейде білуі;

• оқушы дарындылығының моделін білу;

• қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;

• дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгерімге ғана көңіл бөлмей, оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу;

• дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі. Дарынды оқушымен жұмыс жасайтын мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар.

• дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;

• дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;

• оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;

• дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін накты бағалай білуі;

• дарынды оқушының ғылыми – ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;

• дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы тиіс.

Дарынды балалар кез - келген жерде өзін көрсете алады.

Дарынды балалармен жұмыс істеу бағыттары:

Лицейде дарынды баламен жұмыс негізінде біріншіден: өзін-өзі тануға, өзін-өзі тәрбиелеуге, жаңашыл, төзімі берік, үнемі өзін дамытуға, ізденетін, экспериментшіл, принципке берік, ешкімді қайталамайтын, энтузиазист, бойына дарындылықты қалыптастыра білетін тұлғаны күтеміз. Екіншіден: дарынды балалар келешектегі кәсіби мамандық таңдауда өздері шешім қабылдайды және олар лицейдегі жасалынған жұмыс негізінде болашақ мамандықтарын қателеспей таңдай алады және болашақта жақсы маман иелері болып шығады. Үшіншіден: дарынды баламен жұмыс барысында лицеймен ғана шектелмей, жоғары оқу орындарымен байланыс жасалынады, төртіншіден өз беттерімен дарындылық орталығын құруға мүмкіндік жасалынады. Лицей С.Димерель университеті, Е.Гумилев атындағы Евразиялық университеті, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау мұнай-газ университеті, «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ,қалалық мұражай, қалалық №7 кітапхана және Ғ.Сланов атындағы Атырау қалалық облыстық ғылыми әмбебап кітапханасымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Оқушылар кітапханаларда өткізілетін шаралардың белсенді қатысушылары және

ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысу негізінде оқушылардың бірден-бір көмекшісі - кітапханалар.

Университет кадрлары, кандидаттар немесе профессорлармен бірлесе жұмыстар атқарып, пікірлерін алып, өздерінің ғылыми жоба жұмыстарымен айналысып, болашақта елімізге бір елеулі үлес қосу жолында қадамдар жасайды. Х.досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Жалпы физика» кафедрасы мен «Математика, Математикалық анализ» кафедраларымен бірлесе жұыстар өткізуде, физика, математика пәндерінен лицей оқушыларына университет профессорлары мен ПҒК дәрістер өткізеді.Сонын нәтижесінде лицей түлектері екі оқу жыл бойына ұлттық біріңғай тесттен бірінші орында көрсеткіш беріп келеді.

Дарынды баланы ғылыми ізденіске жетелейтін қадамдар:

I қадам. Оқушыны не қызықтырады сол туралы ойланып, өзіне өзі сұрақ қоя білуі. Мені қай пән көбірек қызықтырады? Неге көңілім бұрады?

II қадам. Оқушы өзін қызықтырған пән, сұрақтар бойынша материалдар жинақтап, тізімін жасау. Кітапханаға бару. Әрине, ұстаздың көмегі арқылы. Әрбір ұстаз балалардың дарындылығын шешуде бір-бірімен тығыз байланысқан 3 параметрге назар аударуы керек. Мұғалім күнделікті сабақтарда, тәрбие жұмысында, үйірме жұмысында дарынды баланы танып, оның бойындағы ерекше қабілетті анықтай алады. Оқушылардың ақыл – ой, танымдық қабілеттерін анықтау арқылы дарындылық қасиетін тану.

Дарынды баланың бойында енжарлық, ұялшақтық, еріншектік, өз – өзіне деген сенімсіздік, т.б. қасиеттер де кездеседі. Сондықтан да дарынды балалармен жұмыстар жүргізуде мұғалімдердің алдына мынандай мақсаттар қойылады :

Ғылыми техникалық жетістіктерді ұлттық салт – дәстүрлермен ұштастыра білу;

Оқушылардың бойында ғылыми – көпшілік жұмыстарға деген қызығушылық қабілеттерін арттыру;

Оқушының өз бетінше ізденуіне бағыт – бағдар беріп отыру;

Ғылыми тұрғыдағы шығармашылық жұмыстар жасауға талпындырып отыру;

Оқушының шығармашылық қабілеттерін көрсетіп дамыту, ғылыми ізденудің әдістерін үйрету.

Дарынды бала бойынан көрінетін жетістіктер:

1. Өз ұлтына деген сүйіспеншілік деңгейі өседі.
2. Рухани – адамгершілік деңгейі дамиды.
3. Әлеуметтік ортаны танып біледі.
4. Ой – өрісі, дүниетанымы кеңейеді.
5. Шығармашылық қабілеті қарқынды дамиды.

Дарынды бала – мәңгілік елдің ұрпағы, біздің болашағымыз

«Мәңгілік Ел – ата - бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық», - деді Н. Назарбаев.

«Қазақстан 2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, сүйікті халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін, Елдігіміз Мәңгілік!», - деді Мемлекет басшысы.

Бүгінгі жас ұрпақ – болашақ Қазақстан азаматы. Олар өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімді де білікті жаһандану заманына сай болуы шарт.

Лицейде баланың дарынын ашумен қатар тәрбиені жан - жақты ұйымдастыра отырып, балаларды тәрбиелеу болашақ қоғам мүддесі үшін еңбектене алатын, Отанын сүйетін, нағыз патриот тұлға етіп даярлауға бағытталады.

«Отан – от басынан басталады» дейіді халық даналығы. Демек, бала тәрбиесі – отан мен ел мүддесі. Әрбір бала – бір ғана отбасының ғана емес, күллі қоғамның келешегі. Бір сәт «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген даналық сөздің мәніне үңілсек, бала тәрбиесіне балалық шағынан ақ көңіл болу міндеті тұрғанын аңғару қиын емес.

Олай болса, Ж.Аймауытов «Білімдендіруді жүзеге асыратын - мұғалім» деген екен. Ендеше, мұғалім оқушыларды білім жүйесімен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қоймай, олардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытады. Жалпы өз іс-тәжірибемде байқағанымдай, оқу үрдісінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру – іс-әрекеттер барысында оқушының ізденімпаздығы, бейімділігі, жаңа нәрсені жасауда қажеттіліктттердің пайда болуы арқылы дамиды. Шығармашылық тапсырмаларды орындаудан алынатын нәтиже: жауапкершілігі артады, қажет болса көзқарасын өзгертеді, басқаларды тыңдай біледі, өзін-өзі бағалайды, қарым-қатынас жасауға үйренеді, өз ойын тұжырымдап қорытынды шығарады. Әр оқушының өзіне деген сенімі нығаяды және өзінің меңгерген біліктілігінің нәтижесі күнделікті білім деңгейін көтеруіне ықпалын тигізеді. Сондықтан қазіргі таңда білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді. Әрине, артқарылған істер көп емес. Әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқандай, олар – білім сапасын

арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с.

Өйткені, XXI ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой- өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Түйін мен тәжірибелік ұсыныстар

Ел президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында "Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет" деген сөздері бар. Демек, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – мектептің басты бағыттарының бірі болуы тиіс.

Ұсыныс:

Баланың шығармашылық қабілетін ашу, дарынды балалардың алға қарай дамуы үшін ең бастысы жағдайлар жасау.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім туралы Заңы.
2. Н.Назарбаев "Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек".//"Егемен Қазақстан". 31 мамыр. 2015 ж.
3. Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М. 2014г.
4. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы. "Ғылым". 2008г.
5.Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – Астана, 17 қаңтар 2014.
6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты. –
7. Ахметова Г. К, Таубаева Ш. Т. Педагогика. – Алматы. Қазақ университеті, 2006.

**Кадырова Н.М.**
**Дарынды балаларға арналған**
**С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық**
**мамандандырылған мектеп-интернатының**
**педагог-психологі**

## Дрындылықтың қайнар көзі - мектеп

### Аннотация

Дарынды балаларды іздеу, оларды **тәрбиелеу** мен **оқыту** қоғам үшін бүгінгі таңда ауадай қажет. Дарынды балалармен жұмыс істеу дарындылықты айқындаудан басталады. Дарынды балаларды анықтау – арнайы бағдарлама мен білікті мамандардың қатысуын қажет ететін өте күрделі мәселе және дарынды балалармен жұмыс істеудегі қажетті кезең болып табылады.

Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, шығармашылық бағытта жан-жақты етіп дамыту, үлгі тәрбие беру, ұлттық сана-сезімі рухы жоғары етіп тәрбиелеу – қазіргі таңдағы басты талап болса, ал дарындылықты анықтау қазіргі заманауи білім берудің басты мәселелердің бірі болып тұр.

Сондықтан да дарынды балалар диагностикасын ұйымдастырудың маңызды шарттарының бірі – теориялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік деңгейлерден тұратын диагностика моделін өңдеп шығару болып табылады.

Демек, дарынды балаларды анықтау – арнайы бағдарлама мен білікті мамандардың қатысуын қажет ететін өте күрделі мәселе және дарынды балалармен жұмыс істеудегі қажетті кезең болып табылады.

Дарындылықты диагностикалаудың негізгі мақсаты олардың қабілеті мен таланттарының толық ашылуына жағдай жасау үшін дарынды балаларды анықтау. Дарындылықты диагностикалау бала туралы жан-жақты хабарлама беретін күрделі және көп қырлы үрдіс. Хабарламаны баланың өзінен, ата-анасы және отбасының өзге де мүшелерінен, құрбыларынан, мұғалімдерден, басқа да маман психологтардан алады. Бала туралы алынған жан-жақты әртүрлі мінездеме баланың дарынды екендігін және қай жағынан дарынды екендігін анықтауға көмектеседі. Алынған хабарлама пайдалы, әрі дұрыс болу үшін жиналған анықтамалар белгілі бір психологиялық диагностикалық ережеге бағынады.

Көп жылдық ғылыми зерттеулер дарындылықтың күрделілігін, көп деңгейлілігін және жан-жақтылығын көрсетеді.

Сондықтан дүние жүзінде шексіз сенімділікпен дарынды балаларды бөліп және болашақтағы олардың жетістіктерін толық көрсетіп беретін бірден-бір әдіс тестілеу, бірақ нақты нәтиже бермейді.

Интеллектуалдық дарындылықтың бірнеше түрлері (психомоторлық, лингвистикалық, математикалық, әлеуметтік) бар. Шығармашылық мүмкіндіктер кез келген дарындылықтың маңызды факторы болып табылады.

Дарынды балалардың мүмкіндіктерін іске асыруына мотивациялық-тұлғалық ерекшелік, өзіндік бағалау, көңіл-күй құбылысының әсері және әлеуметтік орта әсерінің (отбасы, мектеп, құрбылары) ықпалы зор. Басқаша айтқанда дарындылық қандай болсын бір ғана белгімен анықталмайды (мысалы: жоғары интеллектуалдық). Ол күрделі әрі көп қырлы құбылыс. Психологтар оның өзара байланысты компоненттерін анықтай отырып, дарындылықтың бірнеше моделін жасады (интеллектуалдық, креативтік, мотивация т.б.).

Практикалық диагностика әдістерімен орындау тәртібі осы теориялық моделдер негізінде жасалады және дарындылықтың белгілерін анықтауға бағытталады.

Соңғы жылдары дарынды балалардың категорияларын кеңейтуге мүмкіндік берген потенциалды дарындылықты кеңінен мойындайды. Тәжірибе дәлелдегендей арнайы бағдарламамен тек қана 1-3% «вундеркиндер» ғана емес, сонымен қатар даму деңгейі жас ерекшелігіне сай 10-20%, 10-15% балаларды да оқыту көзделді.

Кәдімгі деңгейдегі құрбыларына қарағанда бұлардың жеке мүмкіншіліктерінің дамуы жекеленген сферада өз ортасынан әлдеқайда ілгері озып отырады.

Білім жүйесінде дарындылықты диагностикалаудың мақсаты тек қана дарынды балаларды зерттеу және олардың ерекшеліктерін анықтау ғана емес, сонымен қатар әртүрлі дарындылықты дамытуда оқытудың ролін анықтау. Басқаша айтқанда дарындылықты диагностикалау бір жағынан мүмкіндіктерін дамытуда өзгеше жағдай жасау үшін балаларды анықтау көзделген болса, бір жағынан қандай да болса белгіленген бағдарлама кімге лайқатты, кімге көбірек пайда әкеледі, соны анықтауға шақырады.

Сол себептен диагностикалаудың алдына дарынды балаларды айқындау стратегиясы мен әдістері теориядан басқа нақты мәселелер қояды:

- арнайы оқытуда дарынды балаларды іріктеу;
- әртүрлі жағдайда дарынды балалардың дамуын қадағалау;
- оқу бағдарламасының тиімділігін бағалау;
- мамандыққа бағыттау;
- жеке психологиялық көмек көрсету.

Осы мәселелерді шешуде бала туралы хабарлама алу пайдалы: олар баланы бақылау, баламен, оның ата-анасымен, мұғалімдермен (сұрақтар, сауалнама, рейтинг шкаласы т.б.) үлгерімі, мектептен тыс жетістіктері және табыстары, әңгімелесу, психологиялық зерттеулер т.б.

Дарынды балаларды ережеге сай психологиялық анықтауда оның интеллектуалдық даму көрсеткіші де есептеледі. Интеллектуалдық дарындылықтың көпшілігі мақұлдайтын жетістіктері: мектептегі үздік бағалары, әртүрлі сайыстардағы, байқаулардағы жетістіктері мен табыстары. Дегенмен мұндай жетістіктер тек қана дарындылықта себепші болу ғана емес, әрі оқуға деген құштарлықтар күштілігі, өзінің жеке мүмкіндіктерін басқа да жетістіктерін көрсетуге деген ықыластан да болуы мүмкін, бірақ бұл барлық  дарынды балаларға тән емес. Сондықтан интеллектуалдық, шығармашылық және арнайы (математикалық, лингвистикалық т.б.) қабілеттерді анықтайтын тест қолданылады.

Психодиагностикада барлық тестерді қанағаттандыруда тиісті міндеттер мен талаптар тұжырымы бар:

- бір үлгіге келтіру;
- қайталауда қорытынды тұрақтылығы;
- қойылған талапқа сәйкестік.

Психометрикалық тесті жүргізуде өте қатаң ережелер сақталады. Ол кімдерге арналған, қандай нормативтік көрсеткіштерге есептеледі. Бұл талаптар дұрыс сақталмаса, ол үлкен қателікке әкеледі (мыс: өз бетінше тестілеу, сол сияқты сауалнамаларда).

Дегенмен тест қолдану арқылы дарындылықтың барлық түрін анықтау мүмкін емес. Әрі көптеген интелектуалдық тестер ( Векслер, Амутхауэр, Равен т.б.) орта жас ерекшелігінің шамаларын анықтауға жасалған, дарындылықтың жоғары деңгейін дифференциациялауға мүмкіндік жоқ. Сондықтан дарынды балаларды ақыл-ой есінің дамуын диагностикалауда жоғары күрделі тапсырмалар енгізген арнайы тест жасалады.

Бұл тесттер арқылы жалпы интелектуалдық деңгейлермен қатар, жекеленген қабілеттерді де анықтауға болады (лингвистикалық, математикалық, абстрактылық-логикалық).

Кесте де дарындылықты диагностикалаудың этаптары мен әдістері берілген. Бұл мұғалімдерге жеке тұлға жөнінде толық мағлұмат алуға мүмкіндік береді.

**Дарынды балаларды бағалаудың негізгі этаптары мен әдістері**

| **Диагностикалау әдістері** | **Хабарлама көздері** | **Хабарлама түрлері** |
|---|---|---|
| 1.Номинация Аты | Мұғалім, тәрбиеші, психолог т.б. | Дарынды балалардың аты |
| 2. Оқушының әртүрлі іс-әрекеті, мінез-құлқы, танымдық ерекшелігі | Мұғалім, тәрбиешілер, психолог т.б. | Бақылау мәліметтері, рейтинг шкаласы, арнаулы тізім бойынша |

| | | |
|---|---|---|
| және қызығушылығындағы дарындылық белгілерін анықтау | | бағалау, сауалнама т.б. жауаптары. |
| 3. Оқушының отбасындағы ерте бала-лық кезеңнен бастап қызығушылығымен, немен шұғылданатынын, даму тарихы мен жағдайын зерттеп білу | Ата-анасы, отбасының басқа мүшелері. | Отбасы құрамы, олардың білім деңгейі, құндылығы, сонымен қатар баланың ерекше бір қабілеті, қызығушылығы, немен айналысатыны, оның ерте кезеңнен дамуы (сұрақтар т.б.). |
| 4. Оқушыны құрбыларының бағалауы. Сұрақтар көмегімен. (Математи-кадан кімнен көмек сұрар едің? Тарихтан ше? Кімнің әзілі өткір, кім сөз тапқыш? Қиын жағдайда кім үнемі одан шығу жолын табады? т.б). | Сыныптастары, достары, үйірме мүшелері т.б. Хабарламаны мектеп психологы немесе арнайы тапсырылған мұғалім жинайды. | Қабілеті туралы, оқу үлгірімі, байқалмай қалған жақтары, жетістіктері, мектептен тыс қызығушылығы және шығармашылық мүмкіндік. |
| 5. Оқу үлгерімін, қызығушылығын, жетістіктерін және т.б. ерекше қабілеттерін өзіндік бағалауы. (Сұрақтар, өзіндік есеп, интервью, әңгімелесу). | Оқушылардың өздері. (Мағлұматты мектеп психологі немесе арнайы тапсырылған мұғалім жинайды). | Қызығушылығы, еліктеуі, мотивациялық ерекшелігі және жеке, оқуда, қарым-қатынастағы проблемалары туралы мағлұмат. |
| 6. Мектептегі үлгірімі, жетістіктер және емтихан жұмысының бағасы. | Мұғалім, сол саладағы эксперт мамандар, психолог. | Оқушының іс-әрекеті, өнімнің бағасы (сандық және сапалық). |
| 7. Психологиялық тестілеу | Төселген психодиагностика (мектеп психологі). | Оқушының интеллектуалдық, шығармашылық және жеке басының дамуындағы тестік көрсеткіші. |

*Оқушының интеллектуалдық дарындылығын анықтауда назар аудару керек:*

- логикалық ойлау және талдау қабілеті
- абстрактылы ойлау (қорытындылау қабілеті)
- математикалық қабілеті
- жаратылыстану ғылыми қабілеті (физика, химия, биология, астрономия т.б.).
- лингвистикалық қабілет (сөздік қоры мол, ойын еркін жеткізу, шет тілін жеңіл меңгеруі т.б.).
- оқу қабілеті (тез қабылдағыштығы, тез ойлауы, есте сақтау қабілеті, сабақты белсенді, жеңіл меңгеруі, тез ұғынуы).
- техникалық және конструкторлық қабілет
- мектеп бағдарламасынан тыс қызығушылық пен білімділік.

Интеллектуалдық дарындылық оқу ісінде байқалмауы да мүмкін. Себебі оқу қабілеті бұл дарындылықтың бір жағы ғана. Көбіне белсенді оқушылар ғана мұғалімнің көзіне түсе береді, ал «үндемейтіндер» әлде қайда күрделі. Себебі мұғалім оларды көп байқамайды, әрі уақыты да жоқ....(тип темперамент). *Шығармашылық дарындылық:*

- ✓ құмарлық, білімді аңсау, жаңаға қызығу;
- ✓ санасы бай, альтернативтік шешім;
- ✓ кездейсоқ жағдайдағы тапқырлық, ойлап тапқыштық, ойдан шығарушылық;
- ✓ ерекше сана, алғыр ақыл, проблемаларды жан-жақты көре білу қабілеті;
- ✓ өзбеттілік, пайымдау тәуелсіздігі;
- ✓ өз бетінше проблемаларды қою және олардың шешімін табудағы қабілеттілік;
- ✓ тереңдетілген көлемде қызығушылық;
- ✓ қызығу мен еліктеудегі тұрақтылық;
- ✓ әзілді жақсы сезе білуі, қабылдай білуі.

Шығармашылық жиынтықты (потенциал) диагностикалауда әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды пайдаланады.

Дарындылықтың дамуындағы үлкен роль атқаратын даралық қасиет қызығушылық құрылымы мен тұрақтылығы, эмоционалдық өзіндік сезім, өзін-өзі бағалау ерекшеліктері мен өзін-өзі реттеу т.б. жатады. Бұл диагностиканың қасиеті әсіресе баланың оқуына ол жағдай мен бұл жағдайдың қайсысы келеді, жағымсыз кедергілерді қалай жоюға болады, оны жеңуде қалай көмектесу керек, міне осыған көңіл бөлу керек.

Дарындылықты диагностикалаудың мақсаты – нақты оқу бағдарламасының белгілі топ балаларының мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін қанағаттандыруда орнықты, қолайлы сәйкестікке жету.

Сонымен, «Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілет дарынын ашу мұғалімнің міндеті. Өйткені, дарынды балалар ертеңгі Егеменді еліміздің өркендеп дамуына, заңғар болашағына жарқын жол ашатын бірден бір байлығымыз. Сондықтан да

қазіргі уақытта дарынды оқушыларды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеп, дер кезінде айқындау - білімді де білікті психолог маманның ерекше мол тәжірибесі мен шығармашыл педагогтың еншісіне келіп тірелетіні айғақ.

### Қолданған әдебиеттер


1. Акменбетов Қ.Ж. Дарындылықтың теориялық негіздері // Педагогика мәселелері, 2009. №2,
2. Матюшкин А.М., Сиск Д.А. Одаренные и талантливые дети. «Вопросы психологии», Москва, №4, 1988
3. Психология одаренности детей и подростков /Под ред. Н.С.Лейтеса / - Москва., 1996
4. Щебланова Е. И. Диагностика одаренности младших школьников //Школа здоровья. – 1999. – № 1. – С. 26–37.
5. Е.И.Щебланова Психологическая диагностика одаренности школьников: проблемы, методы, результаты исследований и практики. М., МОДЭК, 2004



**Кунязова Айсулу Социаловна**
**директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,**
**Сагиева Назгуль Куанышевна, әдіскер.**
**Павлодар қаласы,**
**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға**
**арналған музыкалық мектеп - интернат» кешені» ММ**
aysulu.kunyazova@mail.ru,
sagiyeva88@mail.ru


### Әлеуметтік ортаның дарындылыққа әсері


Мақалада әлеуметтік желілердің оқушылардың дарындылығына әсері талданады. Өзектілік уақыт сұранысына байланысты. Жұмыстағы дарындылық интеллект, шығармашылық, мотивациялық және жеке ерекшеліктердің үйлесімі ретінде анықталады. Қоршаған орта балалардың біліміне әсері қарастырылады.

The article analyzes the influence of social networks on the giftedness of students. Relevance is related to the time request. Giftedness in work is defined as a combination of intelligence, creativity, motivational and personal characteristics. The impact of the environment on the students' knowledge.



Түйінді сөздер: орта; әлеуметтік орта; зерттеу; дарындылық



Kunyazova Aisulu Sotsialovna, Sagieva Nazgul Kuanyshevna, Republic of Kazakhstan,

Pavlodar City State Institution «Complex «Music College-music boarding school for gifted children»

The influence of the social environment on giftedness

Keywords: environment; social environment; research; giftedness

Балалармен жұмыс жасай отырып, мұғалім сыныпты толығымен және әр баланы бөлек көреді. Әр оқушы жеке, ерекше, өзінің күшті және әлсіз жақтары бар. Мұғалім өз жұмысында әр оқушыға өзін ашуға, өзін көрсетуге барынша көмектесуі қажет.

Балалар ынталы болып, нәтиже алғысы келсе, жұмыс тегіс және оңай жүреді, бірақ көбінесе жағдай керісінше болады. Бүкіл сыныптан оқу процесін жүргізуге кедергі келтіретін балалар ерекшеленеді, олар жалпы көрініске сәйкес келмейді. Бұл әрдайым білім мен тәрбие деңгейі төмен балалар емес, мүмкін бұндай мінез-құлық дарынды баланың ерекшелігі.

Олардың арасында талантын ашпаған балалар да бар. Соңғы шетелдік мәліметтерге сәйкес, мектеп жасындағы балалардың бестен бір бөлігін дарынды балаларға жатқызуға болады, бірақ тек 3-5% - ы өздерін дарынды деп санайды. Әрқайсысының табиғи деректерін ашу бүкіл қоғамды байытуға әкеледі. Мұның бәрі дарынды балалар проблемасының әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді.[1]

Жеке тұлғаның маңызды сипаттамаларын ашу, ең алдымен, әлеуметтік ортаны зерттеуді қамтиды, өйткені әлеуметтік ортадан тыс жеке тұлға жоқ.

«Орта» ұғымын талдау келесі тұжырымдамалық компоненттерді бөлуге мүмкіндік берді: әлеуметтік қатынастар, адам болмысының кеңістік-уақытша денесі, тұтас әлем, адамның өзін-өзі анықтау құралы, адамның мінез-құлық кеңістігі, әлеуметтік процестерден алынған сфера, адамның өзін-өзі көрсету құралы, тітіркендіргіштер жиынтығы.

Адам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін талдауда бірнеше тәсілдер бөлінеді. Олардың бірі адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін сыртқы әлемнің тітіркенуіне жауап ретінде сараланатын, сақталатын, жойылатын немесе қайта қозғалатын жүйке байланыстарын қалыптастыру арқылы организмнің қоршаған ортамен бейімделуі немесе тепе-теңдігі ретінде түсінетін рефлекторлық теорияның жақтаушылары болып табылады.

Бұл хронологиялық тұрғыдан бірінші тәсіл. Ол кейін адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесу процесіне энергетикалық алмасу ретіндегі көзқараспен алмастырылды. Қоршаған ортаның әсерінен Е.А. Аркин, мысалы, жеке тұлғаны қалыптастыратын, оған даму бағытын беретін бірқатар факторларды (физикалық, химиялық, әлеуметтік, гигиеналық және т.б.) анықтайды.[3] Осы бағыт аясында адам қоршаған ортаның әсеріне бейімделуді жалғастыруда, дегенмен қарсы әрекет идеясы субъект тарапынан пайда болады, яғни олар оны жинақтаған энергиямен шектелген белгілі бір белсенділікке жатқыза бастайды.

Келесі қадамды мәдени-тарихи теорияның жақтаушылары жасады. Қоршаған орта организм үшін экологиялық маңызды ынталандыру ретінде түсініледі. Адам өзінің ортасын объективті, санаға тәуелсіз еңбек пен мәдениеттің әлемін өзі жасайды. Қоршаған орта мінез-құлықты анықтайтын функцияны орындайтын тітіркендіргіштер жиынтығы ретінде үш түрлі болады: 1) абиотикалық; 2) экологиялық жарамды; 3) әлеуметтік-мәдени.

Л.С. Выготскийдің қоршаған орта туралы ілімінің негізгі мәселелері келесі үш аспект: 1) ортаның рөлі; 2) адам ортасының өзіндік ерекшелігі; 3) бала үшін оның өзгергіштігі және салыстырмалылығы. Қоршаған орта баланың дамуын әлеуметтік болмыс ретінде анықтайды. Ол кең таралған және динамикалық. Қоршаған ортаны «баланың қоршаған ортамен түсетін нақты қатынастарды талдаусыз» талдауға болмайды.[2] Баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі жүзеге асырылатын бірлік – «күйзелу». «Күйзелу» арқылы қоршаған ортаның балаға әсері пайда болады. Қоршаған ортаның әсерінен баланың дамуы, баланың дамуының алғашқы кезеңдерінде басым болатын бейімделгіш мінез-құлық формасы пайда болған кезде, қоршаған әлемдегі заттарды құралдар немесе белгілер ретінде пайдалану қабілетінің дамуына байланысты біртіндеп күрделене түседі. Осылайша, жоғары психикалық процестердің дамуы, баланың жеке дамуы сияқты әлеуметтік жағдайлардың (қоршаған ортаның) әсерінен және белсенді өзара әрекеттесуімен жүреді.

Жүргізілген зерттеулер проблемаларды шешу процесінде құрдастар жұптарының өзара әрекеттесуінің тиімділігі туралы ережені эксперименттік түрде растайды. Бұл зерттеулерде проблемаларды бірлесіп шешетін серіктестердің әртүрлі көзқарастарының өзара әрекеттесуі мен үйлестірілуі үшін дұрыс ұйымдастырылған жұмыс жағдайында балалардың дамуының әртүрлі деңгейлері арасындағы сәйкессіздіктерді шешуге болатындығы дәлелденді. Бұл, әсіресе, дарынды балалардың ерекшеліктеріне және олардың басқа оқушылардан айырмашылығына байланысты.

Баланың даму көзі – бұл бала мен ересек адамның өзара әрекеттесуі, және бұл өзара әрекеттесудің формасы үлгілерді, схемаларды, көзқарастарды және т.б. таратуға бағытталған рефлексивті-мазмұнды талдаудан алынады. Әр адам үстемдік пен қоршаған ортаны игеру мақсатына негізделген. Артықшылыққа деген ұмтылыс қоршаған ортаға үнемі бейімделудің эволюциялық процесінде жатыр.

Талданған зерттеулер келесі ережелерді тұжырымдауға мүмкіндік берді: адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі қарама-қарсы екі тенденцияға байланысты, атап айтқанда, адам қызметінің әсерінен сыртқы ортадағы өзгерістер және психиканың ерекшеліктерінде көрініс табатын қоршаған ортаның әсерінен адамның өзі өзгереді.

Баланың даму типі қоршаған орта ұсынатын өмір салтына сәйкес дамиды: отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайлары, даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін өмір сүру ортасының әлеуметтік-мәдени деңгейі мен ерекшеліктері.[1] Дегенмен, әр адамның жеке даму жолы қатаң жеке болып табылады және көптеген факторларға байланысты. Жалпы, әлеуметтену процесінде ортаның рөлі туралы мәселе дарындылық психологиясындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл ретте дарынды балаларды оқыту және дамыту бағдарламаларын әзірлеушілер келесі ережелерді ұсынады. Келтірілген деректері бойынша, әлеуметтендіру мәселесі дарынды балалар үшін ең қиын шешілетін мәселелер қатарына жатады. Дарынды балалардың көпшілігінде жағымсыз Мен- тұжырымдамасы бар. Сондықтан бірқатар бағдарламаларда отбасылық ортаға ерекше назар қойылып, әлеуметтік ортаға баса назар аударады. Макро орта (әлеуметтік, «кең») дарынды балалардың дамуына айтарлықтай әсер ететінін мойындай отырып, мамандар бұл әсерді нақтылауды қамтамасыз ететін микроортаның құрамдас бөлігі ретінде қоғамның нормалары мен талаптарын игеруді ұйымдастыратын, жеткізетін шарты және балаға әлеуметтік орта алға қойған міндеттерді жеткізетін және оларды жүзеге асыратын отбасы екеніне сенімді. Д.Б. Эльконин бойынша «Сыртқы біртекті ортадан әр адам бір элементті белсенді түрде таңдайды және оның басқа элементтерін қабылдамайды, нәтижесінде жеке орта әр адам үшін ортақ ортада дамиды». Адамның әлеуметтік ортасының белсенді өзара әрекеттесетін бөлігі – бұл микро орта немесе адамның нақты өмір сүру жағдайлары түрінде әрекет ететін тікелей және ол адамға тікелей әсер ететін байланыстарды қолдайтын жақын адамдар тобы.

Басқа зерттеушілер микроортаның экономикалық және білім беру деңгейі баланың зияткерлік даму деңгейін анықтайтындығын эксперименталды түрде дәлелдеді. Бірқатар зерттеушілер балалардың танымдық дамуы үшін қоршаған ортаның оның мөлшері мен баланың туылу реті сияқты ресми сипаттамалары маңызды екенін растады. Отбасының мөлшеріне келетін болсақ, бұл жерде балалардың зияткерлік даму деңгейінің төмендеуінің әсері олардың санының артуымен байқалады. Туу реттілігінің әсері, соңғы баланы қоспағанда, туудың реттік санының жоғарылауымен зияткерлік көрсеткіштердің төмендеуінен көрінеді. Екі әсер де балалардың ұлттық, мәдени, географиялық тиесілігіне, олардың жасына, жер түріне қарамастан сенімді түрде жаңғыртылады. Болжалды себептерді отбасылық ортада немесе дәлірек айтқанда отбасының зияткерлік ортасында іздеу керек.

Отбасының гендерлік әлеуметтенуге әсері туралы мәліметтер бар. Сонымен қатар, әдебиетте оң және теріс қасиеттер фактілері де келтірілген. Атап айтқанда, әйелдердің дарындылығын жүзеге асыру жолында әлеуметтену институттарын, оның ішінде отбасы мен мектепті

құратын кедергілер туралы айтылады.

Дарынды балаларға әсер ету тұрғысынан қоршаған ортаның рөлін бағалай отырып, бұл олардың психикалық (танымдық және жеке) даму процесіне ықпал ететінін мойындау керек. Сонымен қатар, даму дегеніміз, орыс психологиясының көзқарасы бойынша, адамның өзінде прогрессивті және регрессивті зияткерлік, жеке, мінез-құлық, белсенділік өзгерістері болатын күрделі инволюциялық-эволюциялық прогрессивті қозғалыс деп түсініледі. Дамудың жалпы сипаттамалары: қайтымсыздық, прогресс/ регресс, әркелкілік, алдыңғысын жаңасында сақтау, өзгеріс пен сақтау бірлігі. Әлеуметтік өзара іс-әрекет тек демеуші және көмекші ғана емес, оқыту және дамытуға қарсы іс-әрекет, оны тоқтатын және баяулатататын процес. Соған қарамастан, көмек пен қарсылық-бұл дарынды баланың танымдық және жеке даму процесінің бағытын, осы процестің заңдылықтарын, оның құрылымы мен нәтижелерін әр түрлі өзгертетін әлеуметтік әрекеттесудің екі өзара байланысты түрі, бірақ олардың өзара әрекеттесуі даму процесінің мәнін құрайды. Тиісінше, олар даму тұрғысынан конструктивті мүмкіндіктерін іздеу тұрғысынан дарынды балаларға арналған бағдарламаларға аударылуы керек. Бұл бағдарламалар дарынды балада әлеуметтік принциптің апологетикасына негізделмеуі немесе дамудың жеке аспектісіне негізделмеуі керек екенін ұмытпау керек. Адамның тұтас биоәлеуметтік табиғатының барлық ерекшеліктерін және осы деңгейлердің бір-біріне өзара әсерін ескеру қажет.

Ең көп таралған екі стратегия:

- ортаға бейімделуі
- қоршаған ортаны ұйымдастыру, оны жаңғырту.

Бірінші стратегия бойынша бейімделудің ауыртпалығы дарынды балаға толығымен жүктелетінін, ол оның микроортасымен бөліспейтінін қарастырады. Екінші стратегияның негізінде дарынды баланың белсенділігі жатыр, ол жаңа қатынастар жүйесін, оның өмірінің тиісті салаларын құруға және одан әрі дамудың жағдайларын, жолдарын, мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған. Яғни, дарынды баланың белсенділік рөлі жалпы жағдайға белсенді әсер ететін адамдардың жаңа топтарының қатарына ену арқылы күшейтіледі. Дарынды баланың әр түрлі деңгейдегі, әр түрлі формада өзін-өзі танытуының әртүрлілігі кеңеюде. Дамушы орта факторын ескере отырып, дарынды балалардың көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Өйткені, бұл тәуелсіздік пен топтық мүдделерге бағыну арасындағы жанжалды шешуге, жағымсыз әлеуметтік стереотиптердің әсерін азайтуға, басқалардың теріс реакциясын тудыратын әрекеттерді басуға, дарынды баланың шығармашылық энергиясын бұғаттауды жоюға, өзін-өзі, әлем туралы барабар идеяларды қалыптастыруға, қоғамда өз орнын табуға ықпал ететін дамушы орта, позитивті ақыл-ой дамуын ынталандыру және тіпті

дарынды баланың дарындылығын ашу.

Даму ортасын құрудың маңызды аспектісі – мұғалімдерге дарынды балалардың ерекшеліктері, осы топ ішіндегі балалардың айырмашылықтары, әлеуметтік ортаның рөлі, әлеуметтік ортаның түрлері, дарындылықтың дамуына жеке тұлғаның әсері, дарындылықтың түрлері, оның дамуындағы диссинхрония, дарындылықты анықтау әдістері, дарынды балаларды оқыту және дамыту бағдарламалары және дамыту ерекшеліктері туралы білімдерін дамытуға, оқу процесін психологиялық және дидактикалық жобалау әдістерін меңгеруге көмектесу. Психолог мұғаліммен психодиагностикалық функцияны дамыту бойынша жұмыс жасай алады. Бұл жұмыс келесі мәселелерді шешуді қамтиды: дарындылықты анықтау, білім беру ортасының даму деңгейін және оның тиімділігін диагностикалау, «мұғалім – дарынды бала» қарым-қатынасының түрі, жасырын дарындылық, дарынды баланың қабілеттері мен жеке басының дамуындағы ішкі психологиялық кедергілерді анықтау, дарынды баланың жеке даму деңгейі және жеке өсу динамикасы, даралау қажеттілігінің көрінісі және т. б. [3]

Мектеп психологы үшін сенімді құрал ретінде біз әзірлеген дарынды баланың карта – профилі әрекет етеді. Оны белгілі бір дәрежеде толтыру практикалық психолог пен мұғалім үшін әртүрлі тестілерді, мұғалімдер толтыратын бағалау шкалаларын қолданып, ата-аналардың мәліметтерін, бақылау және әңгімелесу деректерін пайдаланып, жан-жақты зерттеу негізінде баланың зияткерлік, шығармашылық және моторлық даму деңгейін бағалауға көмек береді.

Психологтың жұмысы міндетті түрде мұғалімдерге ата-аналарымен байланыста көмек көрсетуді қамтиды.

Әлеуметтік ортаның (әлеуметтік-экономикалық қатынастар, материалдық қамтамасыз ету, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар және т.б.) дарындылыққа әсерін қарастыратын әртүрлі зерттеушілердің нәтижелері біркелкі емес. Бірақ келесі қорытынды жасауға болады: әлеуметтік-экономикалық жағдайлар дарындылықтың дамуына әсер етеді, өйткені олар адамның өмір сүру деңгейін анықтайды; қоғам неғұрлым экономикалық дамыған болса, адамның дамуы үшін мүмкіндіктер соғұрлым қолайлы болады.

Маңызды аспект – ата-аналардың балалардың дарындылығына қатынасы. Бұл фактор баланың мүмкіндіктерін жүзеге асыруға әсер ететін негізгі факторлардың бірі екені анық.

Қатынастар түрлері: теріс, назар салмау, оң, гиперәлеуметтену.

Балалардың дарындылығын дамыту – ата-аналардың, психологтар мен мұғалімдердің бірлескен және үйлесімді жұмысы.

Білім, білік, дағды базасын құру дарынды баланың толыққанды интеллектуалды және жеке дамуының қажетті шарты болып табылады,

өйткені бір жағынан дарынды балалардың ең типтік және айқын мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Ең алдымен әлеуметтік бейімделу (коммуникативті қабілетсіздік, әлеуметтену және әлеуметтік бейімделу процесінің қиындығы, өзін-өзі бағалаудың және Мен-концепциясының жеткіліксіздігі, өзіне және қоршаған ортаға теріс көзқарас, әлеуметтік дағдылар мен қабілеттердің қалыптаспауы, мәселелерді шеше алмау және т.б.). Екінші жағынан, оны құру дарынды балада бірегейліктің, даралықтың максималды дамуына және көрінуіне ықпал етеді.

**Қолданылған әдебиет:**

1. Баграмянц М.Л.- Журнал: Философия и общество. Шығарылымы №1(38)/2005 – https://www.socionauki.ru/journal/articles/126730/)

2. Р.Р. Шаяхметова, Р.М. Тухватуллин «Факторы влияющие на здоровье одаренных детей и роль социальной среды»

3. Блинова В.Л., Блинова Л.Ф. «Детская одаренность»

**Монина Галина Борисовна**
**к.п.н., доцент кафедры «Психология»**
**Санкт-Петербургской**
**Академии управления и экономики**

## Психологическая помощь детям с двойной исключительностью (Одаренность и синдром дефицита внимания с гиперактивностью)

### *Одаренные дети в системе образования*

Одна из задач совершенствования современного образования – выявление, воспитание и обучение одаренных детей. Поэтому в настоящее время открываются классы и даже школы, специализирующиеся на обучении одаренных детей, разрабатываются специальные программы. Однако, к сожалению, модернизация содержания образования для одаренных детей предполагает либо наращивание темпа обучения детей данной категории (прохождение программы в более сжатые сроки), либо увеличение объема учебной информации (увеличение количества изучаемых учебных дисциплин, углубленное изучение отдельных предметов). И далеко не всегда стратегии интенсификации или ускорения способствуют раскрытию потенциала и академической успешности одаренных детей.

Можно назвать множество причин возможной академической неуспешности одаренных детей:

– уникальность, непохожесть, инакость, исключительность каждого одаренного ребенка.

- недостаточная теоретическая подготовка и отсутствие практического опыта некоторых педагогов и психологов, работающих с детьми.
- неготовность специалистов принимать далеко не всегда «удобного» в общении одаренного ребенка, иногда — страх потерять авторитет, оказавшись некомпетентным при взаимодействии с эрудированными, нетрадиционно мыслящими учениками и др.
- личностные особенности ребенка,
- конфликт стиля подачи учебного материала учителем и восприятия информации учеником,
- межличностный конфликт ребенка со сверстниками или с учителем,
- снижение учебной мотивации вследствие несоответствия познавательных потребностей и реальной учебной программы и т.п.
- Кроме того, процесс обучения одаренного ребенка может быть затруднен вследствие наличия у него, наряду с одаренностью, проблем со здоровьем, и в частности — Синдрома дефицита внимания с гиперактивностью (СДВГ).

### *Синдром дефицита внимания с гиперактивностью*

По отношению к одаренному ребенку у взрослых (и у родителей, и у педагогов) формируются определенные ожидания, продиктованные его неординарными способностями. Однако зачастую соответствовать этим ожиданиям ребенок не в состоянии в силу своих физиологических особенностей, сопутствующих СДВГ.

Синдром дефицита внимания с гиперактивностью – самая распространенная причина трудностей обучения в дошкольном и школьном возрасте и нарушений поведения детей и подростков. Клинические проявления заболевания определяются тремя основными симптомокомплексами: невнимательностью, гиперактивностью и импульсивностью. У детей с СДВГ отмечается недостаток непрерывного (поддерживаемого) внимания, что проявляется в невозможности длительного выполнения неинтересного задания. Кроме этого наблюдается дефицит избирательного внимания, что проявляется в повышенной отвлекаемости на посторонние стимулы, особенно если эти стимулы яркие, интересные. Зачастую также снижается

переключаемость внимания, но при этом, по данным E. Taylor [6], объем внимания у детей с СДВГ не ниже, чем у их здоровых сверстников.

Под гиперактивностью у детей с СДВГ обычно понимают повышенную двигательную (моторную) активность. В отличие от просто энергичных детей активность у детей с СДВГ носит бесцельный характер. Под импульсивностью понимают невозможность контроля над своими импульсами. Выделяют когнитивную импульсивность (отражающую поспешное мышление) и поведенческую импульсивность (отражающую трудности при подавлении реакций) [3]. В учебной ситуации у таких детей наблюдается «импульсивный стиль работы»: они выкрикивают ответы на уроке, не отвечая на вопросы полностью, прерывают других учеников или учителя [1].

Специфика поведения гиперактивного ребенка на занятиях затрудняет принятие его педагогом, усложняет как положение самого ребенка в детском коллективе, так и общую эмоциональную атмосферу в классе.

### *Одаренность и синдром дефицита внимания с гиперактивностью. Двойная исключительность*

До недавнего времени специалисты считали, что для большинства детей с СДВГ характерен недостаточно высокий уровень интеллекта. Однако опыт работы с детьми с СДВГ показал, что среди них много одаренных детей. Функционирование одаренных детей может осложняться проблемами со здоровьем, зачастую сочетающихся с одаренностью. В последние годы подобное сочетание называют «двойной исключительностью».

Выбор стратегии взаимодействия с детьми, обладающими двойной исключительностью, предполагает изучение присущих им характеристик и одаренности, и СДВГ. Значит, необходима диагностика одаренности и СДВГ на ранних этапах развития ребенка и качественный (а не только количественный) анализ ее результатов.

Линда Крегер Сильверман [4] отмечет, что у одаренных детей трудно выявить СДВГ: чем лучше развито абстрактное мышление ребенка, тем легче он адаптируется к ситуации, вырабатывая самостоятельно такую стратегию, которая камуфлирует проблему. В результате ни родители, ни педагоги не в состоянии сразу распознать СДВГ. С другой стороны, одаренность маскируется неспособностью обучения, характерной для ребенка с СДВГ. Педагог, испытывая трудности обучения, общения с гиперактивным ребенком, далеко не всегда может оценить его выдающиеся способности в отдельной области знаний или деятельности. Неспособность к обучению маскирует интеллект, и ребенок с СДВГ может создавать впечатление не одаренного, а посредственного ребенка.

Дети с двойной исключительностью, несмотря на одаренность, зачастую (в силу физиологических и психологических особенностей) далеко не всегда в состоянии усвоить программу для одаренных детей. Ведь подобные программы направлены либо на ускорение, либо на интенсификацию, что может пагубно сказаться на успехах ребенка, основные черты которого - дефицит активного внимания, импульсивность, гиперподвижность.

### *Как помочь детям с двойной исключительностью*

Решение главной задачи - разработки специальных подходов к воспитанию и обучению детей с двойной исключительностью, обладающих чертами и одаренных, и гиперактивных детей, осложняется тем, что представители обеих категорий детей обладают действительно исключительностью, непохожестью. Это затрудняет выявление общих закономерностей

Импульсивность, неусидчивость, отсутствие навыков самоуправления, поведенческие и социально-эмоциональные проблемы, нераскрытые сильные стороны и ограниченные возможности - все это становится причиной обращения к специалистам. Основным направлением психолого-педагогической коррекции, соответствующим запросам педагогов и родителей, как правило, является обучение ребенка навыкам управления поведением. Между тем, подобная работа зачастую не только не приносит желаемых результатов, но и ухудшает ситуацию, поскольку не учитывает физиологических и психологических особенностей детей данной категории.

Эмоциональные расстройства – характерная особенность детей и подростков с ММД, лежащей в основе синдрома дефицита внимания с гиперактивностью [2]. И если они не получают помощи в решении этих проблем в начальной школе, в дальнейшем трудности обучения отходят на второй план, возникают проблемы личностного характера и межличностного общения, и ребенок в первую очередь нуждается в эмоциональной поддержке, в формировании адекватной самооценки.

В соответствии с этапами психосоциального развития по Э.Эриксону [5], психосоциальным исходом развития ребенка в возрасте от 6 до 11 лет – периода обучения в начальной школе - может стать либо формирование трудолюбия, чувства успешности, либо чувство неполноценности, демонстрация собственной несостоятельности. Именно поэтому выбор школы (гимназии, лицея) для дважды исключительных детей – ответственное дело для взрослых, поскольку требования, предъявляемые школой и родителями, могут быть неадекватными возможностям ребенка, что неизбежно приведет к неуспешности, к поведенческим проблемам, к отказу от обучения. Обладая низкой самооценкой, дети с двойной исключительностью часто

маскируют эту свою уязвимость, придумывая доступные для них стратегии: кривляние (роль «классного шута»), отрицание проблем, уход в мир фантазий, демонстрация безразличия и др.

Главный акцент в работе с ребенком необходимо сделать на постановке и достижении персональных целей (Э. Эриксон), на развитии эмоционального интеллекта, на формировании адекватной самооценки и навыков саморегуляции, что поможет благоприятному прохождению ребенком данного этапа возрастного развития, будет способствовать его личностному росту, решению эмоциональных проблем.

## ***Рекомендации по воспитанию и обучению детей и подростков с двойной исключительностью***.

Обзор литературы, посвященной проблеме обучения детей и подростков, результаты собственных исследований, позволивших выявить психологические особенности детей с двойной исключительностью, позволили составить некоторые рекомендации, направленные на оптимизацию процесса обучения детей:

1. Принимать ребенка таким, какой он есть. Уважать его индивидуальность.
2. Создавать условия для выявления индивидуального стиля деятельности, успешных стратегий учебной деятельности
3. Устанавливать партнерские отношения, обсуждать проблемы, ситуации, стратегии деятельности
4. Учитывать индивидуальный график работоспособности. Не допускать переутомления
5. Поощрять проявления познавательной активности
6. Предоставлять альтернативные предложения. Учить ребенка выбору
7. Обучать навыкам саморегуляции, приемлемым способам выражения негативных эмоций
8. Предоставлять образец конструктивного поведения в конфликтных, экстремальных ситуациях
9. Создавать вариативную, обогащенную и индивидуализированную образовательную среду.
10. Подкреплять позитивное поведение, акцентировать внимание на успехе, а не на проблемах
11. Использовать проблемное обучение: предлагать ребенку самостоятельно решать учебную проблему (которая должна быть интересной, посильной для него и не требовать особо длительного исполнения)
12. Давать дифференцированные домашние задания, решение логических задач, решение задач с несколькими вариантами решения, задания на опережение

13. Одобрять нестандартные способы решения учебных задач

14. Составлять правила взаимодействия в группе, классе совместно с детьми

15. Избегать категорических запретов, использовать «мягкое» руководство

16. Контролировать выполнение заданий

17. Оказывать помощь в структурировании времени и пространства

18. Получать обратную связь от ребенка, свидетельствующую о понимании им проблемы, инструкции, сущности и деталей задания

19. Делить большое задание на части, использовать смену видов деятельности, переключение внимания

20. Формировать единое воспитательное и образовательное пространство ребенка, которое он ощущает как безопасное

**Список использованной литературы:**


*1.* Квашнер К. Гиперкинетические расстройства// Ремшмидт Х. Детская и подростковая психиатрия. М., 2001. С. 203-207

*2.* Леви Г.Б. Дети с нарушением обучаемости в школе и дома. СПб, 1995. с.

*3.* Мэш Э., Вольф Д. Детская патпсихология/Пер. с англ. СПб, 2003.384 с.

*4.* Эриксон Э. Детство и общество. СПб, 2000

*5.* Silverman, L. K. (1989). Invisible gifts; invisible handicaps. Roeper Review, 12, 37-42.

*6.* Taylor E. A., Sandberg S. The epidemiology of childhood hyperactivity//Maudsley monographs. Oxford University Press, 1991. № 33. P.93-113.

**Неситбекова Улжан Тлебалдиевна**
**Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын**
**Ю. Гагарин атындағы №8**
**арнаулы гимназиясы,**
**Алматы облысы, Талғар ауданы**
**email@: ayazhan85_20@mail.ru**

# Мектеп жасындағы балалардағы дарындылықты психодиагностикалаудың заманауи әдістері

## Аннотация

Мақалада мектеп жасындағы балалардағы дарындылықты психодиагностикалаудың заманауи әдіс-тәсілдері және дарынды балалармен арнайы жүргізілген зерттеу мәліметтері мен ғылыми теориялық мағлұматтары берілген. Қазіргі кезеңде дарынды балаларды ертерек анықтау мен дамытуға ерекше назар аударылуда. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру кезінде баланы дербес дамыту жоспарын құру керек. Сол себепті психодиагностикалаудың практикалық қызметте іске асыру жұмыстары маңызды.

The article presents modern methods and techniques of psychodiagnostics of giftedness in school-age children, scientific theoretical information and research data specially conducted with gifted children. At the present stage, special attention is paid to the early identification and development of gifted children. When organizing work with gifted children, it is necessary to draw up a plan for the independent development of the child. Therefore, it is important to work on the implementation of psychodiagnostics in practice.

Дарындылықты тұңғыш рет ағылшын антропологы Френсис Гальтон зерттеген болатын. Ол дарындылық психологиясы тарихында үлкен еңбек сіңірді. Ф. Гальтон дарындылық − тұқым қуалайтын факторлардың нәтижесі екендігін алғаш рет дәлелдеуге тырысты. Оның «Таланттың тұқым қуалауы − оның заңдары мен нәтижелері» атты кітабы XX ғасырдың екінші жартысындағы кең таралған психологиялық еңбектердің бірі болды.

Дарынды бала ұғымына, ондай балаларды табуға, олармен жұмыстың ерекшеліктеріне, олардың психологиялық мәселелеріне (Л.А. Венгер, Ю.З. Гильбух, Н.С. Лейтес, Г.В. Бурменская) көптеген еңбектер арналды.

*Дарындылықтың типтері:* зияткерлік, академиялық (жоғары зайырлылық), көркемдік, креативтілік, көшбасшылық, спорттық.

*Балалардың дарындылығы саласындағы арнайы маман Н. Лейтес* балаларды үш санатқа бөліп, әртүрлі педагогикалық тәсілдермен жіктейді, олардың ішінде кейбір қабылданған дарындылық атаулары: IQ

зор балалар; қандайда бір әрекет түрлерінде жетістікке жеткен балалар; жоғары креативті балалар.

Әртүрлі саладағы дарындылықты тану анықталған жас ерекшелігі арқылы жүзеге асырылады. Әсіресе, музыкаға, содан соң суретке деген дарындылықты ерте байқауға болады; жалпы ғылымға деген дарындылықтан гөрі өнерге деген дарындылық ерте байқалады; ал ғылымда математикаға деген дарындылық та ерте байқалады. Жалпылама зияткерлік дарындылық жоғары деңгейдегі зияткерлік даму мен ақыл әрекетінің сапалы ерекшелігінен байқалуы мүмкін. Көбінесе дарынды балаларды құрбыларынан ерекше келбетінен де айыруға болады.

Әдеттегідей, дарынды балаларда зерттеу белсенділігі мен білуге құмарлығы ерекше байқалады. Психофизиологиялық зерттеу мұндай балалардың миында биохимиялық және электр белсенділігі жоғары болатындығын көрсеткен.

*1 қосымша*

| **Дарынды балалардың писихологиялық ерекшеліктері** | |
|---|---|
| **Дарынды балаларға тән оза дамудың мынадай ерекшеліктері бар** | қабылдауының ауқымдылығымен ерекшеленетін балалар |
| | есте сақтауы жоғары деңгейдегі балалар |
| | тілі ерте дамыған, бай сөздік қорға ие балалар |
| | зейін қоюы жоғары деңгейдегі балалар |

Қазіргі кезде Ресейде және шетелдерде даралықты зерттеудің бірнеше орталықтары бар. Пятигорск психологиялық мектебінде В. В. Белоустың басшылығымен даралықтың полиморфты мәселесі зерттеледі. Онда қазіргі кезеңде даралықтың интегралдылығы жайлы теориялар қарқынды дамуда. Пермь қаласындағы ғылыми орталық даралықты зерттеудің негізгі орны болып табылады. Орталықтың негізін салушы профессор В. С. Мерлин. Қазіргі кезде орталықтағы даралық мәселесімен айналысушы зерттеушілер Л. Я. Дорфман, Б. А. Вяткин, А. И. Щебетко.

Психологиялық сөздіктерде психодиагностика ұғымы адамның даралық-психологиялық ерекшеліктерін анықтайтын, өлшейтін әдіс түрінде және психология ғылымының саласы ретінде сипатталады. «Диагноз» сөзінің жалпы түсінігін қарастырсақ. «Диагноз» сөзі грек тілінен аударғанда «тану» деген мағынаны береді (гр. *diagnostikos*– қабілетті тани білу) [1]. Диагностика зерттеу нысандарын түрлендірудің пайдалылығын анықтау мақсатында, оларды танып білу мен жіктеуге

бағытталған айрықша қызмет түрін білдіреді [2]. Психодиагностикалық әдіс түрлерін дұрыс пайдалана білу үшін жеке адамның психикалық ерекшеліктерін, психоаналитиканың теориялық негіздерін толық меңгеру қажет, сол жағдайда ғана жеке психикалық ерекшеліктерді бағалау немесе өлшеу барысында нақты өлшемдерге қол жеткізуге болады.

Зерттеуші Л.М. Фрумкин бойынша «кез келген басқа танымдық үдеріс сияқты диагностиканың мәні адамның санасында шын мәнінде бар заңдылықтарды көрсету болып табылады» [3].

Диагностиканың ғылыми негіздерінің жасалуында Л.С.Выготскийдің еңбегі зор.Ғалым әсіресе, психикалық үдерістер ағымының сапалық ерекшеліктерін анықтау, тұлғаның даму перспективаларын айқындау туралы мәселеге аса мән берген. Л.С.Выготский балаларды педологиялық зерттеудің мынадай кезеңдерін ұсынды.

1. Ата-аналардың, баланың, тәрбие мекемелерінің мұқият жиналған шағымдары.
2. Баланың даму тарихы.
3. Даму симптоматологиясы (ғылыми констатциялау, сипаттамасы және белгілерін анықтау).
4. Педологиялық диагноз.
5. Болжау (даму сипатын)
6. Педагогикалық (міндет).

Зерттеудің осы кезеңдерінің әрқайсысын аша отырып, Л.С.Выготский оның ең маңыздысын нұсқаған болатын. Сонымен қатар, анықталған нысандарды жай ғана жүйелеп қана қоймай, даму үдерісінің мәніне терең ену,оны ұғыну қажеттігін атап өтті.

Л.С.Выготскийдің анықтамасы бойынша: «диагностикалық зерттеу алдын ала анықталған, дайын ұғымдар жүйесін білдіреді, оның көмегімен диагноз анықталады, сол арқылы жеке құбылыс туралы жалпы ұғымды білдіреді, диагноздар сипаты болғанымен, нақты және белгілі бір ұйғарымдар жеткіліксіз, бірақ олар ең бастысы, әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан дұрыс қойылуы тиіс, яғни шын мәнінде, диагноз болуы шарт» [4].

*Психодиагностикалық зерттеулердің негізгі әдістері:* Жеке адамды зерттеуде Кэттелдің психодиагностикалық әдістемесінің бірнеше түрінің сипаттамасын келтіруге болады.

1. Жеке тұлғаны зерттеуге арналған психодиагностикалық тестер.
2. Түрлі материалдарды, сұрақтар мен тапсырмаларды сөздік сипаттау немесе сұрақ-жауап тәсілі.
3. Вербалды емес әдістер.
4. Суреттер негізінде әңгіме құру.
5. Дифференциалдық-диагностикалық тестер.

Психодиагностикалық тестердің мазмұнына қарай төмендегі топтамасын көрсетуге болады:

1. Типологиялық тест – мұнда тестілеуге жеке тұлғаның мінезі, темпераменті, нерв жүйесін диагностикалы және зерттелінушінің мақсаты, қызығушылығы, шыдамдылығы зерттеледі.
2. Тестілеу сапасына стандартты және стандартты емес тестер.

Қолданылу аясына қарай психодиагностикалық зерттеу әдістері төрт топқа бөлінеді:

1. Ұйымдастырылған әдістер.
2. Эмпирикалық әдістер.
3. Мағлұматтарды өңдеу әдісі.
4. Интерпретациялық әдістер.

Психодиагностикалық әдістер бағыттарына сәйкес қазіргі таңда кеңінен қолданылып жүрген кейбір авторлардың топтамасын ұсынуға болады:

*2 – қосымша*

| **Автор** | **Психодиагностикалық әдістер** |
|---|---|
| **Й. Шванцар бойынша** | 1. Қолданылатын мәліметтерге сәйкес (Вербалды, вербалды емес, манипуляциялық тест және т.б.).<br>2. Алынған көрсеткіштердің санына қарай «Дұрыс» және әртүрлі жауаптары бар тестер.<br>3. Зерттелушінің психикалық белсенділігі бойынша:<br>- адамның өз санасының ішкі әлемін зерттеуі (зерттелінушінің өз тәжірибесіне сүйене отырып тұжырым жасауы): сауалнама, әңгімелесу; сыртқы әлемге назар аударуы (бақылау және әртүрлі құбылыстарды бағалау);<br>- зерттелуші тұлғаның санадан тыс қасиеттерін көрсететін жобалау тестері; |
| **ІІ. В. К. Гайде, В. П. Захаров бойынша** | *1. Сапалық көрсеткіштеріне қарай:* стандартты және стандартты емес.<br>*2. Қолданылу мазмұнына қарай:*<br>- жалпы диагностикалық (Р. Кеттелл және Г. Айзенк жеке адам типін зерттеу тесті; интеллектіні зерттеу тесті);<br>- кәсіби қолайлылық тесті;<br>- арнайы қабілеттілікті зерттеу тестері (техникалық, әуендік, ұшқыштарға арналған тестер);<br>- жетістіктерді зерттеу тестері;<br>*3. Зерттенушінің тірек материалдары бойынша:*<br>- бланктік;<br>- заттық (КООС кубиктері, «Векслер жинағындағы пішіндерді жинау»);<br>- аппараттық (зейін ерекшеліктерін зерттеуге арналған құралдар). |

| | |
|---|---|
| | *4. Зерттеушілердің санына байланысты:* дара және топтық.<br>*5. Жауап беру формасы қарай:* жазбаша, ауызша<br>*6. Бағыт-бағдарды тексеруге байланысты:* жылдамдықты,<br>күшті анықтауға арналған тесттер, аралас тесттер. Тесттегі тапсырмалар күрделі және оны орындау уақыты шектеусіз; зерттеушіні жетістікпен қатар, тапсырманы орындау тәсілі де қызықтырады.<br>*7. Психиканы қамту ауданы:* жеке тұлғаға бағытталған және ақыл-ой тесттері.<br>*8. Ақыл-ой әрекеті сипаты бойынша:* вербалды, вербалды емес. |
| **III. А. А. Бодалев, В. В. Столин бойынша** | *1. Әдістемелік сипаты бойынша:*<br>- Объективті тесттер (дұрыс жауаптың болуы мүмкін, яғни тапсырма дұрыс орындалуы тиіс)<br>- Стандартты тестер.<br>- Сұрақнамалық ашық тесттер.<br>- Шкалалық-техникалық тесттер (Ч. Осгудтың семантикалық дифференциалдық тесті).<br>Субъективті тестер: жеке-бағдарлық техникалық, сюжетті –<br>рөлдік ойындар.<br>- Проективті әдістемелер;<br>- Диалогтық техникалар (сұқбаттар, диалогты ойындар)<br>*2. Психодиагностика процедурасының жүзеге асуы және оның нәтижеге тигізетін әсері:* объективті және диалогтық болып бөлінеді. |

**Р.Амтхауэр тесті.** Тұлғаның мүмкіндік параметрлері бойынша қабілетін, икемділігін, қызығушылығын диагносгикалау, адамның дара тұлғалық ерекшелігін анықтап қоймай, оның мүмкіндіктерінің әмбебаптығын қамтамасыз етеді.

Тұлғаның жеке-даралық ерекшеліктерінің ішінде, оның интеллектуалдық ерекшелігі үлкен орын алады. Р.Амтхауэрдің қабілеттілік құрылымдарының бірлігі идеясы, көптеген кәсіби-интеллектуалдық тесттерге, оның ішінде әсіресе интеллект құрылымы тестіне (“ИҚТ”) негіз болды.

Интеллект тесті 12 жастан жоғары адамдарға кәсіби бағдар тесті ретінде қолданылады. Шектелген уақыт интервалында орындалады. Бұл тесттің артықшылығы, “ИҚТ” нәтижесі бойынша бірдей жастағы адамдардың арасынан жоғары біліктілігі және білімділігі бар, ойлау мәдениетінің артықшылығы және ойлау үдерістерінің жылдамдығы жоғары адамдар мен олардың зияткерлік дағдыларын анықтауға болады [5].

Р.Амтхауэр тесті адамның дара тұлғалық ерекшелігін анықтайтын интеллект құрылымы тесті

Оқушының біліктілігі



Оқушының білімділігі

зияткерлік дағдыларын

ойлау мәдениетінің артықшылығы

ойлау үдерістерінің жылдамдығы

**Нұсқау.** Сынақ 9 субтестке топталған 176 тапсырмадан тұрады. Әрбір субтестте 16-20 тапсырма бар. Тапсырмалар жеңілінен күрделісіне қарай, қиындау сатысымен орналасқан. Әрбір субтестте тапсырмаыі қалай орындау керектігіті көрсететін үлгі беріледі.

***1 Субтест тапсырмаларын шешу үлгілері***

1 Субтест тапсырмасы бір сөзі жетіспейтін аяқталмаған сөйлемдерден тұрады. Сіз төменде берілген 5 сөз ішінен, Сіздің ойыңызша, сөйлемді дұрыс аяқтайтын сөзді тандауыңыз қажет.

***Үлгі 1.***

1. Көжек... көбірек үқсайды.

а) мысыққа, э) тиінге, б) қоянға, в) түлкіге, г) кірпіге.

Сөйлемді б) варианты дұрыс толықтыратындықтан, жауап парағында: 1. б деп жазу керек.

***Үлгі 2.***

2**.** Үмітке қарама-қарсы.. .болып табылады.

а) мұңаю, э) ызалану, б) нәзіктік, в) жабырқау, г) қапалану

Жауап парағында: 2.г деп жазылады, себебі үмітке қарама-қарсы қапалану болады. Параққа шыққан сөйлемді жазудың қажеті жоқ, себебі сіздің уақытыңыз шектеулі. Тапсырмаларды орындау уақыты - 6 минут.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:


1. Бурлачук Л.Ф. Морозов С.М. Словарь-справочник по психодиагностике. 2-е изд. Перераб. И доп. СПб.: Питер, 2003, С. 86.
2. Куприянчик Т.В. аналитико-диагностическая деятельность учителя и учащихся как фактор обговления воспитательной работы в школе. Красноярск, 1991 – 59 с.
3. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации РК. http://old.unesco.kz/rcie/data/koncepciya.htm

4. Выготский Л.С.Лекции по педологии.-Ижевск: Изд-во Удм. ун-та, 1996.-296с.
5. Жақыпов С. М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы «Қазақ университеті», 2007. – 230б.

**Нсанова Айнаш Айтековна**
**«№12 білім жалпы беру мектебі» КММ**
**Қазақстан Республикасы, Манғыстау облысы,**
**Мұнайлы ауданы, Атамекен селосы**
**nsanova.70@mail.ru**

## Дарынды оқушылардың дарыны мен қабілетін дамытудың әдістемесі

**Түйіндеме:** Мақалада мектеп оқушылары арасынан дарынды балаларды анықтау әдістемесі, оларды оқытудың мазмұны, формалары әдістері жан-жақты талданған және дарынды оқушылармен жұмыс жасау жөнінде ұсыныстар берілген дарынды оқушылардың дарынын дамытудың маңызына басты назар аударылған.

**Кілт сөздер:** дарындылық; қабілет шығармашылық; әлеует; педагогикалық қолдау; модернизация; заманауи ғылым

**Abstract:** The article focuses on the importance of developing the talents of gifted students, which provides a comprehensive analysis of the methods of identifying gifted children among schoolchildren, the content and forms of their teaching and recommendations for working with gifted students.

**Key words:** talent; creativity; potential; pedagogical support: modernization: modern science.

Қазіргі дамыған заманда инновациялық технологиялар мен ғылымды одан әрі дамыту, дарынды балаларды ғылыми ізденіске тарту, олардың шығармашылық және интеллектуалды әлеуетін жарыққа шығаруға мүмкіндік жасау өзекті мәселе. Болашақта қазақ ұлтын әлемге танытандар - дарынды, талантты, алғыр және істің көзін білетін жастар. Сондықтан мектеп оқушылары арасынан, дарынды, қабілетті оқушыларды анықтап, оларды арнайы жасақталған бағдарламалар арқылы оқытып, білікті мамандар даярлау заман талабы. Ол үшін мектеп оқушылары арасынан саналыда зерделі, алғыр, мықты оқушыларды анықтап, қабілеттеріне байланысты кәсіпке бағдарлау қажет.

Оқушылардың ғылыми зерттеу қызметін білім беру процесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруымыз қажет. Дарынды, талантты балаларды дер кезінде анықтау және олардың интеллектуалды әлеуетін жарыққа шығару үшін жалпы орта білім беретін мектептерде оқушыларды ғылыми ізденіске бағыттау, оларды өз шығармашылық

әлеуетін тәуелсіз дамытуға, тәжірибелі мұғалімдермен дарынды оқушылардың біріккен индивидуалды ізденісі мәселесіне басты назар аудару қажет [2, 88 б.].

Соңғы жылдары еліміздің білім беру жүйесінде оқушыларды педагогикалық қолдау ісі қолға алына бастады. Осы мақсатта педагогикалық-психологиялық, әдістемелік орталықтар ашу, және олардың жүйелі жұмысын қамтамасыз ету өте маңызды. Әсіресе, қазіргі модернизацияланған білім беру процесінде оқушыларды жан-жақты қолдау, оларды жаңартылған оқу үрдісіне бейімдеу ерекше рол атқарады.

Көптеген жылдар бойы дарынды оқушылардың дарынын дамыту мәселесінде бірнеше теориялар айтылды. Психолог С.Л. Рубинштейн: «Дарындылықты зерттеген көптеген зерттеулер жұмысқа кеткен уақытты ақтамады, бұл зерттеулерде қолданылған методиканың қанағаттанарлықсыздығымен түсіндіріледі»,- деп жазады [1, 209 б.]. Дарынды балаларды дамыту қарапайым балаларды оқыту сиақты емес, олармен бөлек жұмыстану арқылы қабілеттерін одан әрі дамыта түсумен байланысты болуы қажет. Дарынды балалар және қабілетті жастармен жұмыс жасау әдістемесі төмендегілерді өз ішіне алады:

-Қабілет, дарындылық түсініктерінің мазмұны туралы білімге ие болу;

-Балалардың дарындылығы туралы теорияларды зерттеу;

-дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы теориялық және практикалық білім;

-дарындылықты қалыптастыратын факторлар туралы мәліметке ие болу;

- дарынды балалар мен жұмыс жасаудың құралдары мен әдістерін меңгеру;

Дарынды, қабілетті оқушылар өзбетінше шығармашылықпен айналысу, зерттеу ісі туралы біліктілігі болмағандықтан білімді де тәжірибелі ұстаздың көмегін қажет етеді. Бұл тәжірибелі ұстаздардан ғылыми-зерттеу ісіне бейім оқушыларды анықтау және қолдауды, дарынды оқушылардан заманауи ғылыми зерттеу әдістері туралы білімді меңгеруді, түрлі олимпиадалар мен сайыстарға қатысуды, шығармашылық пен іздегуге қызығушылықты, еңбексүйгіштікті талап етеді. Дарынды оқушыларды анықтаудың ең тиімді әдістері психологиялық тесттер, тапсырмалар және сұхбаттар болып табылады[3. 125 б.].

Сонымен қатар, сыныптан тыс іс-шаралар дарынды оқушылармен жұмыстың ең ыңғайлы формасы. Жас ұрпақтың білімге деген сұранысы мен қажеттілігін, қызығушылығын, құлшынысын тек мектептегі сабақпен шектеуге болмайды. Сыныптан тыс тәрбиелік шаралар оқушылардың жан дүниесін түсінуге септігін тигізіп, білім алуға деген

құлшынысын арттырады. Олармен жеке жұмыс жасауға, әрбір оқушының бойындағы жеке қабілеттері мен дарынын жарыққа шығаруға мүмкіндік береді.Сыныптан тыс шаралар оқушылардың шығармашылығын, ұйымдастырушылық қабілетін арттырып, дербес білім алу дағдысын жетілдіреді. Осылайша сыныптан тыс шаралар тұтас оқу-тәрбие процесін толықтырады. Сыныптан тыс жаттығулар оқушылардың дарыны мен қызығушылығы анықталғаннан кейін төменде берілген формада ұйымдастырылуы мүмкін.

1. Пәндік үйірмелер
2. Жеке жаттығулар
3. Интеллектуалдық ойындар
4. Викториналар

**Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыруда пән мұғалімдері үшін ұсыныстар:**

-өз пәні бойынша дарынды балаларды анықтау

-дарынды балалармен жұмыс бойынша тақырыптық жоспарлар мен бағдарламалар әзірлеу

-дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру

-дарынды оқушылардымектепішілік, аудандық, республикалық деңгейде конкурстарға, олимпиадаларға, конференцияларға дайындау

- жыл бойы дарынды балалармен жасалған жұмыстар жөнінде педагогикалық кеңеске есеп беру

- пәндік оқу кабинеттерінде материалдардың күрделілік деңгейіне байланысты кортатека жасақтау

- пән бойынша ата-аналарға балалардың қабілеттерін дамыту жөнінде кеңес беру

**Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыруда сынып жетекшілер үшін ұсыныстар:**

-балалардың жалпы дарыны мен қабілеттерін анықтау

-сынып жетекшіде пән мұғалімдері, үйірме жетекшілері тарапынан ұсынылған зерттеу нәтижелері салалар бойынша кесте түрінде сақталуы керек

-сынып оқушыларының қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беретін тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау

Дарындылық туралы көзқарастар қоғам қажеттілігіне байланысты өзгеріске ұшырап отырады. Әртүрлі тарихи кезеңдерде дарындылық түрліше сипатталады. Ежелгі дәуірде жауынгерлік қабілеттер бағаланған болса, ортағасырларда логикалық ойлау деңгейі жоғарылар, ал қазіргі қоғамда кез-келген тығырықтан шыға алатын, кез-келген мәселені шеше алатын жаңалыққа құштар жастар дарынды деп есептеледі.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Беспалько В. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. –М.: IRPO. 1996.-336
2. Кларин М. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры и дискуссии. – Рига: НПЦ Эксперимент, 1995. –108 с.
3. Одаренные дети. \ Перевод с англ. – М.: Прогресс, 1991. – 380 с.



**Нурадинов А.С.,**
**Евразийский национальный университет**
**имени Л.Н.Гумилева, e-mail: almat2007@mail.ru**
**Мамбеталина А.С.,**
**Евразийский национальный университет**
**имени Л.Н.Гумилева, e-mail: mambetalina@mail.ru**
**Мухамбеткалиева К.С.,**
**Евразийский национальный университет**
**имени Л.Н.Гумилева, e-mail: 99karima@mail.ru**
**Артыкбай А.Н.,**
**Евразийский национальный университет**
**имени Л.Н.Гумилева, e-mail: akuohp@gmail.com**


## Стандартизация теста структуры интеллекта Р. Амтхауера на казахстанской популяции (предварительные результаты)


**Аннотация.** Изложены предварительные результаты стандартизации теста структуры интеллекта Р. Амтхауера на казахстанской популяции, среди школьников из разных регионов. В исследовании приняли участие 982 учащихся школ в возрасте от 11 лет до 17 лет (5-11 классы). Исследование проведено на репрезентативной выборке (982 человека). Получены данные - средние значения общего IQ, стандартного отклонения по возрастам учащихся. Приведены перспективы дальнейшего анализа полученных данных с целью исследования интеллекта у учащихся казахстанской популяции.



Ключевые слова: Тест исследования структуры интеллекта Р. Амтхауера, интеллект, стандартизация, психометрический анализ, выборка.



**Annotation.** Preliminary results of standardization of the test of the structure of intelligence by R. Amthauer on the Kazakh population, among schoolchildren from different regions are presented. The study involved 982

school students aged 11 to 17 years (grades 5-11). The study was conducted on a representative sample (982 people). The data obtained are the average values of the general IQ, the standard deviation by the ages of the students. Prospects for further analysis of the data obtained with the aim of studying the intelligence of students of the Kazakh population are given.

**Key words:** Test of research of the structure of intelligence by R. Amthauer, intelligence, standardization, psychometric analysis, sample.

В Казахстане приобретает популярность использования психодиагностических методов для оценки интеллекта, личности, познавательных процессов. Такая практика прочно вошла как в научные исследования, так и в практику оценки различных качеств человека. Многие отечественные научные исследования в области психологии, педагогики, HR и в других отраслях базируются как в использовании традиционных широко распространенных методов, так и малоизвестных. Однако такая практика использования психодиагностических инструментов приводит к некоторым проблемам. Они таковы:

1. Используют психодиагностические методы и методики переведенные из иностранных источников, преимущественно из российских, используют на русском языке или переводят на казахский язык. При этом качество перевода оставляет желать лучшего.
2. Применяемые методы не проходят процедуру стандартизации, особенно это касается психодиагностических тестов. Как нам известно, психодиагностические тесты должны проходить определенную процедуру стандартизации на той популяции, где они используются.
3. Нормы психодиагностических тестов должны определяться и использоваться только на той популяции, где она выверена по определенным правилам. Однако такие правила также не применяются в практике психодиагностических тестов.

Поэтому возникает острая необходимость разработки процедуры стандартизации теста именно на казахстанской популяции. Актуальность проведения такой психометрической процедуры очевидны. Мы уже достаточно долго живем в другой стране со своим менталитетом, особенностями обучения и воспитания по сравнению с другими государствами. В связи с высказанными аргументами в Казахстане мы должны использовать психодиагностические методики, прошедшие стандартизацию на казахстанской популяции с соблюдением ее всех этапов и процедур.

В связи с этим, нами начата процедура стандартизации теста структуры интеллекта Рудольфа Амтхауера среди школьников. При этом нами использован варианты данного теста, широко используемый в Казахстане – К.М. Гуревича с соавторами [1] и Е.Е. Туник [2].

Предварительный опрос среди практиков-психологов показал, что указанные варианты теста широко используются в практике школьных психологов Казахстана. Вариант теста Амтхауера в адаптации К.М. Гуревича с соавторами в настоящее время также используются в психологических службах правоохранительных органов. Собран достаточно большой материал ими, однако, во-первых, нормативные показатели тестов Р. Амтхауера неизвестны из-за ведомственных интересов правоохранительных органов. Во-вторых, нормативные показатели теста Р. Амтхауера ими разработаны для взрослых – от 18 лет до 61 года. Школьные нормы данного теста отсутствуют. Хотя во многих учебных пособиях и руководствах к тесту имеются переводные варианты теста Р. Амтхауера на казахском языке [3 и др.]. Один из авторов данной статьи несколько раз делал попытку адаптации данного теста в рамках дипломного проекта или выпускных работ. Однако в этих работах отражены все этапы и процедуры стандартизации теста, но данные не были собраны на репрезентативной выборке. Поэтому все проведенные работы можно считать предварительной подготовкой к серьезной стандартизации на репрезентативной выборке с соблюдением всех психометрических требований.

С целью разработки отечественного варианта теста для диагностики интеллекта нами использован тест интеллекта структуры Р. Амтхауера в варианте К.М. Гуревича с соавторами [1]. Тестовые задания по субтестам не изменялись. Однако в эти тестовые задания также были внесены изменения с учетом менталитета, единиц измерения (так задачи в виде расчетов в российских рублях были изменены в тенге и т.д.).

Тесты Р. Амтхауера были предложены на казахском и русском языках, в связи с тем, что во многих школах ведется обучение на казахском, русском и английском языках. Тестирование учащихся проводилось в бумажном варианте, ответы учащихся фиксировались на специальном бланке для удобства обработки данных. Тестирование и обработка его результатов по всем школам проводили психологи школ.

Результаты исследования. В нашем исследовании приняли участие более 982 учащихся из 23 школ из разных регионов Казахстана. Во многих школах был проведены преимущественно варианты теста Р. Амтхауера по К.М. Гуревича с соавторами и Туник Е.Е.

Результаты исследования приведены в таблице. Данные обрабатывались в SPSS 23.

Таблица 1. Результаты теста структуры интеллекта (IQ) Р. Амтхауера по классам

| Классы | 5 класс | 6 класс | 7 класс | 8 класс | 9 класс | 10 класс | 11 класс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Количество учащихся по классам | 74 | 99 | 157 | 139 | 223 | 164 | 126 |
| Среднее | 66,05 | 94,22 | 100,6 | 91,05 | 107, 46 | 128,33 | 131,66 |
| Ст.откл | 13,35 | 16,91 | 24,32 | 24,61 | 23,34 | 23,22 | 21,64 |
| Медиана | 67 | 93 | 106 | 89 | 110 | 126 | 134 |
| Верх.порог | 79,4 | 111,13 | 124,92 | 115,66 | 130,8 | 151,55 | 153,3 |
| Все | 80 | 112 | 125 | 116 | 131 | 152 | 154 |

В исследовании приняли участие 982 человека. Из них: в возрасте 11 лет 74 человека, 12 – 99 человек, 13 лет – 157 человек, 14 лет – 139 человек, 15 лет – 223 человека, 16 лет-164 человека, а 17 лет -126 человек.

Результаты проведенного исследования по тесту структуры интеллекта Р. Амтхауера представлены в таблице 1. Так, среди учащихся 5 класса (11 лет) среднее значение 66,05 баллов, а стандартное отклонение 13,35 баллов. У учащихся 6 класса (12 лет), среднее значение общего интеллекта 94, 22 балла, стандартное отклонение 24,32. У семиклассников (13 лет) общий интеллект 100,6 балла, а стандартное отклонение 24,32 балла. Соответственно, у учащихся 8 класса (14 лет) среднее значение общего интеллекта 91, 05 балла, а стандартное отклонение – 24, 61. 9 класс среднее значение интеллекта 107, 46 баллов, а стандартное отклонение – 23,34. На выборке 10 класса среднее значение IQ оказалась 128, 33 балла, а стандартное отклонение – 23, 22 балла. у 11 класса средний балла IQ – 131 балла, а стандартное отклонение – 21, 64 .

Данные исследования проведены на репрезентативной выборке, а результаты распределения данных соответствуют нормальному. У старшеклассников стандартное отклонение больше чем в 5 классе (11 лет). Такие показатели также свидетельствуют о достоверности полученных данных. Сравнение полученных результатов по возрастным группам свидетельствует, что среднее значение IQ у 8-классников (91,05 балл) оказалось ниже, чем у семиклассников (100,6 баллов).

Результаты анализа по отдельным субтестам для каждого возраста школьников выявляют также некоторые тенденции. Так, результаты учащихся по отдельным субтестам представлены в таблице 2.

Таблица 2. Общие результаты теста исследования структуры интеллекта Р. Амтхауера среди учащихся 11-17 лет.

| Возраст | | Среднее IQ | Субтест 1 | Субтест 2 | Субтест 3 | Субтест 4 | Субтест 5 | Субтест 6 | Субтест 7 | Субтест 8 | Субтест 9 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 лет | Среднее IQ | 66,05 | 5,78 | 6,37 | 4,02 | 5,05 | 7,1 | 8,89 | 7,1 | 13,18 | 8,62 |
| | Ст. отклонение | 13,35 | 2,46 | 2,92 | 1,59 | 3,54 | 2,24 | 2,87 | 3,48 | 6,57 | 5,88 |
| | Медиана | 67 | 6 | 6 | 4 | 4 | 7 | 9 | 6 | 16 | 7 |
| 12 лет | Среднее IQ | 94,22 | 10,19 | 9,24 | 8,12 | 14,72 | 9,32 | 10,34 | 10,44 | 9,85 | 12,35 |
| | Ст. отклонение | 16,91 | 2,76 | 2,66 | 3,18 | 4,08 | 3,41 | 3,49 | 2,81 | 3,32 | 3,57 |
| | Медиана | 93 | 11 | 9 | 8 | 15 | 9 | 11 | 11 | 10 | 12 |
| 13 лет | Среднее IQ | 100,6 | 11,08 | 10,5 | 8,89 | 16,29 | 10,82 | 11,93 | 11,41 | 9,39 | 10,08 |
| | Ст. отклонение | 24,32 | 2,9 | 3,02 | 3,39 | 6,46 | 4,09 | 3,89 | 4,25 | 4,48 | 5,48 |
| | Медиана | 106 | 11 | 11 | 9 | 16 | 11 | 13 | 12 | 10 | 11 |
| 14 лет | Среднее IQ | 91,05 | 11,34 | 9,11 | 6,86 | 12,45 | 10,46 | 11,22 | 10,28 | 10,88 | 9,51 |
| | Ст. отклонение | 24,61 | 3,47 | 3,21 | 3,55 | 6,4 | 9,21 | 4,79 | 4,84 | 5,16 | 5,11 |
| | Медиана | 89 | 12 | 9 | 6 | 14 | 10 | 11 | 10 | 10 | 8 |
| 15 лет | Среднее IQ | 107,46 | 11,99 | 10,3 | 9,06 | 14,37 | 13,02 | 12,81 | 11,73 | 13,36 | 12,02 |
| | Ст. отклонение | 23,34 | 3,79 | 3,57 | 3,97 | 11,41 | 7,66 | 4,26 | 4,06 | 5,64 | 5,59 |
| | Медиана | 110 | 12 | 11 | 9,5 | 14 | 12 | 13 | 12 | 13 | 12 |
| 16 лет | Среднее IQ | 128,33 | 14,82 | 12,51 | 11,71 | 19,23 | 15,79 | 15,58 | 12,74 | 11,64 | 14,35 |
| | Ст. отклонение | 23,22 | 2,61 | 3,05 | 3,63 | 6,27 | 8,72 | 4,49 | 3,95 | 3,66 | 4,3 |
| | Медиана | 126 | 14 | 12 | 12 | 16 | 16 | 17 | 13 | 11 | 14 |
| 17 лет | Среднее IQ | 131,66 | 14,86 | 13,05 | 12,37 | 19,25 | 15,96 | 16,47 | 13,72 | 13,43 | 13,92 |
| | Ст. отклонение | 21,64 | 10,4 | 3,07 | 3,54 | 5,23 | 3,39 | 2,99 | 3,57 | 4,41 | 4,58 |
| | Медиана | 134 | 14 | 14 | 13 | 20 | 17 | 17 | 14 | 15 | 15 |

Анализ представленных результатов показывает некоторые закономерности распределения данных (дисперсии) по отдельным субтестам. Так, стандартное отклонение оказалось больше по общему IQ во всех возрастных категориях. Причем, у учащихся старшего возраста разброс данных оказался больше, чем у младшего возраста. Большой разброс данных также наблюдается по первому субтесту. Как нам известно, что первый субтест (Дополнение предложений) направлен на исследование индуктивного мышления, чутья языка, на чувство реальности. В этом субтесте у 17-летних учащихся разброс данных оказался большим, по сравнению с другими возрастными группами (10,4). Такой же результат получен по 4 субтесту (классификация - оценка способности выносить суждение, способности к абстракции, умение словесно выражать мысль, образованности) у 15-летних учащихся (11,46). В этой же возрастной группе величина стандартного отклонения оказалось больше по 5 субтесту (7,66). Пятый субтест по тесту исследования структуры интеллекта Р. Амтхауера направлен на оценку уровня развития практического математического мышления. Большой разброс стандартного отклонения также выявлены у учащихся 14-, 15- и 16-летнего возраста. Такие результаты позволяют, что в группе испытуемых оказались учащиеся не только естественно-научного, но и гуманитарного направления.

По остальным субтестам теста исследования структуры интеллекта Р. Амтхауера дисперсия результатов вполне соответствуют психометрическим требованиям. Тем не менее, необходимо провести дальнейший психометрический анализ результатов тестирования для точной оценки психометрических данных по тесту исследования структуры интеллекта Р. Амтхауера.

На основании проведенного исследования можно сделать некоторые предварительные выводы:

1. Впервые получены результаты на репрезентативной выборке по тесту структуры интеллекта Р. Амтхауера на казахстанской популяции среди школьников с 11 по 17 лет.
2. Чем старше возраст, тем больше величина стандартного отклонения как по общему коэффициенту IQ, так и по отдельным субтестам.
3. Определены перспективы дальнейшего исследования по стандартизации теста структуры интеллекта Р. Амтхауера.

**Использованная литература**


1. Гуревич К.М. Психологическая диагностика. – М., 1981
2. Туник Е.Е. Тест интеллекта Амтхауера. Анализ и интерпретация данных.- СПб., «Речь», 2009.-96 с.
3. Иргебаева Н.М. Қолданбалы психология: Оқу құралы.-Нұр-Сұлтан: Тұран-Астана университетінің баспа орталығы, 2019

**Өмірбекова Мамырайгуль Казыбековна**
**Omirbekova1973@mail.ru**
**«№2 «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ лицей-интернаты»**
**Қараганды қаласы**

## Дарынды, қабілетті балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін педагогикалық-психологиялық жағдайларды жақсарту

This article deals with the issues of revealing the personality of a gifted child, helping him to search. The article focuses on the age characteristics of gifted children in the field of education. A comprehensive analysis of the diagnosis of gifted children. When working with a gifted student, the issue of paying attention to the pedagogical, psychological and social status of the student is considered.

Keywords: technology; intellectual and innovative; motive; category; diagnostics.

Бұл мақалада дарынды баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу, ізденіс бейімділігіне көмектер беру мәселелері қарастырылған. Мақалада білім беру саласындағы дарынды балалардың жас ерекшеліктеріне тоқталған. Дарынды балалардың диагностикасына жан-жақты талдауы жасалған. Дарынды оқушымен жұмыс жасағанда оқушының педагогикалық, психологиялық әлеуметтік жағдайына назар аудару мәселесі қарастырылған.

*Түйін сөздер:технология; интеллектуалды-инновациялық; мотив; категория; диагностика.*

Қазіргі жаңа технологияны пайдалану кезеңінде еліміздің білім беру жүйесінің ең басты мәселесі білім беру сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу үшін мектептерге заман талабына сай мемелекеттік жаңа білім стандартын енгізу және жаңаша тұрғыда дайындалған оқу жоспары мен орта білімді жаңа оқу технологиялары мен ақпараттандыру сияқты білім беру саласындағы кезек күттірмейтін шаруа екендігі белгілі, соған байланысты:

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан әлеуметтік- экономикалық және саяси жедел жаңару жолында» атты жодауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық», - дей отырып, білім беруді әлемдік стандарт деңгейіне жеткізу үшін жаңа сипаттағы Қазақстанның болашақ жастарын білімді маман етіп тәрбиелеуді бастауыш мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын меңгерген болашақ мамандарға «білім беру жүйесінің жоғары сапасын

қалыптастыру, әлемдік білім беру жүйесінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру және экономиканың дамуындағы интеллектуалды-инновациялық қазіргі кездегі қажеттіліктерге жауап бере алатындай» бағдарламаны жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталды. [1.5-б].

Бүгінгі білім беру жүйесіндегі негізгі мәселе, «рухани жаңғыру» мектеп оқушыларының білімдерін әлемдік деңгейдегі стандартқа сай болатындай етіп тәрбиелеуді ерте балалық шақтан дайындау бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналуда. Соған байланысты, жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерде таным процестері өзінің субьективті және обьективті көріністерімен баланың психикалық танымдық іс-әрекетінің төмендеу себептеріне байланысты оқу-тәрбие ісін жоғары сатыға көтеру қажеттілігінен туындап отыр. Педагогикалық психология ғылымының басқа ғылымдардан айырмашылығы, әлеуметке міндетті түрде пайдалы болумен қатар тұлғаның мүмкіндіктерін жетілдіруге бағытталуда.

Баланың танымдық әрекеті ойлау қабілетінің дамуы қазіргі кезде жетекші орында, себебі танымдық мәселелерді дербес шеше білу, проблемалық ситуациядан өздігінен жол табу жайын сөз еткенде, бұл мәселені Д.Б. Эльконин мен В.В.Давыдов оқыту процесінде оқушылардың ойы қалыптаса ма? деген сұрақ қоя отырып қарастырады[2,3].

Тиісті дәрежеде дербес ойлай алмаушылық оқыту процесінде білім берудің жеміссіз тәсілдерін; мәселен, бастауыш сынып оқушыларына көп жағдайда жалпылаудың формальды логикалық тәсілдерін қолдануда деген. Бастауыш мектептің ұзақ жылдар бойы жүргізген жолы, нақтылы жекеден формальды жалпыға, ұқсастыққа, біртектестілікке көшу жолымен жалпылауды қалыптастыру болды. Сол себепті бейімділікке қалыптастыра отырып, оқушылардың таным процестерін дамытуда ең бірінші түйсінулерді қалыптастырудан басталады, сыртқы дүниені толық тануға түйсік, қабылдау, елестер жеткіліксіз, біз тікелей танып біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы ғана біле аламыз. Баланың ой әрекеті түрлі мәселелерді бір-біріне жанастыра отырып шешуде өте жақсы көрінеді, сондықтан ойлау сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнелеуі. Ойлау сезім мүшелері арқылы алынған мәліметтерді өңдейді, ол сезімдік түсініктердің негізінде ғана мүмкін болатын нәрсе, елестерде жалпыланған мәліметтер көп болғанымен, оның таным мүмкіндігі ойлауға қарағанда төмен. Сөзбен ойдың бірлестігі алғашқы адамдардың психикасында да үлкен орын алған, сөйлеумен тығыз байланысты жүріп отыратын ойлау процесі тек адам баласының психикасына ғана тән болып табылады. Бала өзіне таныс емес құбылыстардың сырын көбірек білген сайын оның ойлауы де жетіле түседі, қазір ойлаудың практикалық

әрекетпен байланысты көптеген түрлері пайда болды. Ойлау баланың сыртқы дүниемен қарым-қатынас жасау кезінде кезінде қалыптасып дамып отырады. Ойлаудың мазмұнын бейнелейтін тек обьективті шындық қана, себебі балаларға өздерінің мұқтаждықтарын шешу үшін алдына мақсат қою ақылы өз қажетін қанағаттандырады. Ойлау өзіндік ішкі қайшылықтарға толы және ол оның дамуының, іске асуының қозғаушы күші. Бала кез - келген күрделілеу мәселені шешерде, біз оның жауабын бірнеше жорамалдар арқылы табамыз.

Бүгінгі бала ертеңгі болашақты жалғастырушы тұлға. Психология ғылымы ешнәрсеге бейімі жоқ, қабілеті жоқ адам болмайды деп дәлелдейді, сол себепті де жастардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға тек жалпы білім беретін мекемелер ғана мақсатты түрде ықпал ете алады. Сол себепті де уақытты үнемдей отырып, мектеп оқушыларымен жеке дара жұмыс ұйымдастыру өте тиімді және бұл арада мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы, тіл табысуы да ерекше рөл атқарады. Өйткені ар-намысына кір келтірмей, оған керісінше кеңесші бола отырып, жіберген қателіктерін сыпайы да саналы түрде жеткізе білу кез келген мұғалімнен кез келген шеберлікті талап етеді. Алайда мұғалім оқушының шығармашылық бағытта өз бетімен жұмыс жасауға тек бағыт беруші екенін естен шығармауы керек.

Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Оқытушы сабақ процесінде ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйренеді. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік береді, жауаптар тыңдалады. Әр оқушы жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қортындылап үйренеді. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруына мүмкіндік береді. Оқу үдерісінің жақсаруына үлкен әсерін тигізеді, заман талабына сай мемлекеттік білім деңгейін көтерумен бірге кәсіби шеберлігі дамыған кадрлармен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта білімді ақпараттандыру, тағы сол сияқты білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару, еліміздегі ең маңызды мәселе.

Егер адамның тумысынан қабілеттілік танылып, ол тәрбиеленбесе, оның қабілеті дамымайды.

Мысалы:

Дарынды баланы байқамау мүмкін емес, олар әр түрлі бір біріне ұқсамайды. Көпшіліктің ортасында ол өзінің іс- әрекетімен, бейімділігімен қабілеттілігімен бірден көзге түседі.[2.18 - б]

Белгілі зерттеуші Н.С. Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді.

Бірінші категория ой-өрісінің қабілетімен ерте жастан бастап байқалған оқушылар 3-4 жастағы.

Екінші категория жеке бір іс-әрекет түрімен белгілі бір мектептегі ғылым ретінде қабілеттілігімен көзге түскен оқушылар.

Үшінші категория дарындылығы күш қажырымен ерекшеленетін оқушылар.

Бала дарындылығының өзіндік қырларын білген педагог оны оқыту үрдісінде тиімді пайдалануына болады.

Қазіргі ғылыми әдебиеттер әлемінде дарынды балалардың диагностикасы туралы мағұлматтар бар. Бала дарындылығының негізгі белгілерін Ұ.Б Жексенбаева өз еңбектерінде былай көрсеткен.

- ➢ арнайы психологиялық тест;
- ➢ баланы бақылаудың түрлі тәсілдері;
- ➢ арнайы бағдарлама аясында сынақ сабақтарын өткізу;
- ➢ педагог тарапынан оқушының іс-әрекеті менмінез- құлқын эксперементтік бағалау;
- ➢ әртүрлі зияткерлік жарыстар, байқаулар, олимпиадалар т.б. өткізу;
- ➢ оқушы шығармасын, туындыларын эксперементтік бағалау (суреттерді, өлеңдерді, т.б.);
- ➢ арнайы психодиагностикалық тренинг.

Дарындылық – жеке тұлғаның өте күрделі, көп аспектілі қыры. Сондықтан оларға тән ортақ көрсеткіштерді белгілеу мүмкін емес.

Әйтседе, Ұ.Б. Жексенбаева өз еңбектерінде дарындылықтың бірнеше көрсеткіштерін ұсынған. Олар психомоторлық, интеллектуалдық, академиялық шығармашылық және әлеуметтік дарындылық.

Ақыл-ой дарындылығы едәуір басым оқушыларды ойлауды бағалау диагностикасын жүргізу арқылы анықтауға болады.

Диагностика арқылы оқушының ақыл-ой дамуы, танымдық әрекетіндегі тұлғалық ерекшеліктері туралы толық мағұлмат алуға болады.

Дарынды оқушымен жұмыс жасағанда оқушының педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайына назар аудару керек. Балаға әсер ететін: ата-ана, мұғалім, мектеп, жолдастары, жұртшылық. Дарынды баланы анықтай алу үшін шеберлікті қажет етеді. Бала жанын түсініп, баланың табиғатын толық анықтау үлкен өнер.

Объектіні айқын белгілеу үшін педагогикалық, психологиялық әдістер қолданылады.

Баланың жеке басының ерекшеліктерін анықтап алған соң, оларды дамыту жұмыстары басталады. Баланың мүмкіндігін толықтыру, жүйелеу, ғылыми негіздеуге құралады. Дарынды оқушылармен жұмыс барысында мұғалім  әр қырынан көрінуі шарт нағыз маман иесі деп-

оқушылардың қыр- сырын меңгерген ұстазды айтады. Бұл қасиет оның жеке басының ерекшеліктерінен көрінеді:

1. білім дәрежесі;
2. мақсаттылығы;
3. сөйлеу шеберлігі, ой қорыту жоғарылығы;
4. оқу бағдарламасын қажетіне қарай өзгерте білуі;
5. ғылыми тілі мен сөйлеу мәдениеттілігі;
6. ата-анамен байланыс жасап, кеңес беру.

Осы жетістіктерге жету үшін пектепте психологиялық ахуалы мен қарқыны жақсы қарым-қатынаста болу керек.. Дарындылық - «табиғаттан берілген ерекше қабілет» деп түсіндіріледі.[2.18-б] Адами ойлау - табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Дарындыларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет.Себебі, әрбір талантты адам еңбекке бейім келеді. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең біліммен іскерліктің болуын талап етеді.

Белгілі ғалым Н.С.Лейтестің анықтауы бойынша педагогика тәжірибесінде дарындылықты үш топқа бөлген: IQ жоғары балалар, белгілі бір бағытта жоғары нәтижеге жеткен балалар және креативті жоғары балалар.[3.36-б]

Дарынды балалардың танымдық әрекетінің даму ерекшелігі төмендегідей:

1. Білуге деген құштарлығы;
2. Ойлау қабілетінің жоғарылығы;
3. Терең ойлауы;
4. Жаңа ой тудыру қабілеттілігі;
5. Ассоциацияға жеңілдігі;
6. Болжамдылық қабілеті;
7. Зейіннің жоғарылығы;
8. Өте жоғары есте сақтау мүмкіндігі;
9. Қызығушылығы мен қабілеттілігі.

Қазіргі кезде «дарындылық» ұғымы өте кең көлемде қамтылған. Соның ішінде ең жаңашыл концепция американ ғалымы Дж. Рензуллидің концепциясы бойынша дарындылық негізі үш бағыттан тұрады:

- Интеллектуалдық қабілеті (орта деңгейден жоғары);
- Креативтілік;
- Табандылық (белгілі бір міндетке бағытталған).

Сонымен бірге, Рензуллидің үлгісінде тәжірибе негізіндегі білім мен қоршаған орта қарастырылған.

Дарындылық факторлары: интеллектуалдық қабілеттілігі, креативтілігі, әлеуметтік компоненттілігі, психомоторлық қабілеттілігі.

Орта факторлары: жанұядағы микроклимат, өмірдегі төтенше жағдайлар.

Жеке бас қасиеттері: стрессті жеңе білу, белгілі бір дәрежеге жету түрткісі, оқу стратегиясы, өзіне-өзі, өзгеге баға бере білуі.
Жететін дәрежелер: спорт, тіл, жаратылыстану ғылымбары, өнер (музыка, сурет өнері, т.б.) техника, математика, қоғамдық қатынастар.
